

**ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС
ТАЪЛИМИ ВАЗИРЛИГИ**

**НИЗОМИЙ НОМИДАГИ ТОШКЕНТ ДАВЛАТ ПЕДАГОГИКА
УНИВЕРСИТЕТИ ҲУЗУРИДАГИ ПЕДАГОГ КАДРЛАРНИ ҚАЙТА
ТАЙЁРЛАШ ВА УЛАРНИНГ МАЛАКАСИНИ ОШИРИШ ТАРМОҚ
МАРКАЗИ**

“ТАСДИҚЛАЙМАН”
ТДПУ ҳузуридаги тармоқ маркази
директори _____ Н.Муслимов
“_____” _____ 2015 йил

**ҚОЗОҚ ТИЛИ ВА АДАБИЁТНИНГ
ТАРАҚҚИЁТ ЙЎНАЛИШЛАРИ ВА ИННОВАЦИЯЛАРИ
модули бўйича**

**ЎҚУВ-УСЛУБИЙ
МАЖМУА**

Тузувчилар: п.ф.н., доц. Е.Абдувалитов
Ктга ўқитувчи. Ў.Байқобилов

Тошкент -2015

МУНДАРИЖА

ИШЧИ ҰҚУВ ДАСТУРИ.....	3
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МӘТІНІ	14
1-тақырып: Тіл білімінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.	14
2-тақырып: Тілдің тарихи дамуы. Тілдің тарихиы мен қоғам тарихының байланыстылығы.	28
3-тақырып. Лексикология, оның түрлері мен салалары.	37
4-тақырып. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері.....	52
5-тақырып: Қазақ халық ауыз әдебиеті.....	61
6-тақырып. XIX-XX ғасыр қазақ әдебиетін үйренудің негізгі проблемалары	69
7-тақырып. Тәуелсіздік жылдар әдебиетіндегі жаңа ізденістер мен көзқарастар.....	73
Практикалық жаттығулардың мазмұны.....	80

ИШЧИ ЎҚУВ ДАСТУРИ

Кириш

I. Модулнинг мақсади ва вазифалари

“Қозоқ тили ва адабиётининг тараққиёт йўналишлари ва инновациялар” модулининг мақсади: тингловчиларни қозоқ тили ва адабиётининг тараққиёт йўналишлари ва инновацияларга назарий ва касбий тайёргарликни таъминлаш ва янгилаш, касбий компетентликни ривожлантириш асосида таълим-тарбия жараёнларини самарали ташкил этиш ва бошқариш бўйича билим, кўникма ва малакаларини такомиллаштиришга қаратилган.

Тингловчиларни қозоқ тили ва адабиёти бўйича мутахассис кадрлар тайёргарлигига қўйиладиган талаблар, қозоқ тили ва адабиётининг тараққиёт йўналишлари ва инновациялар, фаннинг долзарб муаммолари ва замонавий концепциялари, фандаги анъанавий ва янги йўналишлар, илмий-амалий хорижий тажрибалар каби ишлари мазмунини ўрганишга йўналтиришдан иборат.

Модулни ўзлаштиришга қўйиладиган талаблар:

Тингловчи:

- қозоқ тили ва адабиётининг тараққиёт тамойиллари ва етакчи концепциясини;
- антропоцентрик назариянинг моҳияти. Жаҳон ва қозоқ тилшунослигида антропоцентрик парадигма соҳасидаги илмий тадқиқотларни;
- қозоқ тили ва адабиёти ўқитишда узвийлик ва узлуксизлигини;
- мустақиллик даври адабиётидаги янгича изланишлар ва талқинларни;
- фольклор асарларини ўрганишдаги ўзига хосликларни;
- XX аср қозоқ адабиётини ўрганишнинг асосий муаммоларини;
- педагогик квалиметриянинг мақсади, вазифалари, турлари ва тамойилларини;
- педагогик квалиметрия мезонлари, методлари ва уларнинг таълим натижаларини баҳолашдаги аҳамиятини;
- квалиметрик назорат технологиясини *билиши* керак.

Тингловчи:

- қозоқ тили ва адабиётидаги инновациялардан таълим жараёнида фойдаланиш;
- қозоқ тили ва адабиёти дарсларида талабаларнинг фаоллигини оширишга хизмат қиладиган интерфаол таълим шакллари, методлари ва воситаларидан самарали фойдаланиш;

- қозоқ тили ва адабиётини ўқитишда талабаларда бадиий дунёқарашни шакллантириш;
- талабаларнинг мустақил ишларини ташкил қилиш;
- турли жанрлардаги асарларни бадиий-эстетик жиҳатдан таҳлил қила олиш;
- бадиий асарларнинг шаклий-поэтик ўзига хосликларини шарҳлай ва изоҳлай олиш;
- квалиметрик жараёни ташкил этиш ва ўтказиш;
- таълим-тарбия жараёнида кутилаётган натижаларни башорат қилиш, идентив ўқув мақсадларини шакллантириш;
- квалиметрик назорат технологиясидан фойдаланиш *қўникмаларига эга бўлиши лозим.*

Тингловчи:

- қозоқ тили ва адабиёти ўқитувчисининг педагогик фаолиятини лойиҳалаштириш;
- XIX-XX аср қозоқ адабиёти ва замонавий адабий асарларни ўрганишда илмий-методик адабиётлардан фойдалана олиш;
- фольклор асарларини таҳлил этишда назарий ва методологик адабиётлардан фойдалана билиш;
- модератор ўқитувчиларнинг илғор иш тажрибаларини ўрганиш асосида ўзининг педагогик фаолиятини такомиллаштириш, касбий сифатларини ривожлантириш;
- қозоқ тили ва адабиёти фанларини ўқитиш жараёнида талабаларнинг билимларини холисона баҳолаш механизмларини, рейтинг назоратда қўллашга қаратилган дидактик воситалар: стандарт ва ностандарт тестлар ҳамда ўқув топшириқлари мажмуасини ишлаб чиқиш;
- қозоқ тили ва адабиёти фанларини ўқитиш жараёнида талабаларда мустақил иш ва ижодий изланишларини ташкил этиш, уларга раҳбарлик қилиш;
- квалиметрик назорат технологиясидан фойдаланиш;
- талабалар билимини баҳолаш ва ўз-ўзини назорат қилиш технологиялари амалга ошириш каби *малакаларига эга бўлиши лозим.*

Тингловчи:

- қозоқ тили ва адабиётининг тараққиёт тамойиллари ва етакчи концепциясида акс этган талаб ва ғоялардан педагогик фаолиятда фойдалана олиш;
- қозоқ тили адабиётини ўқитиш воситасида талабаларда илмий дунёқарашни ва ижодий фикрлашни ривожлантириш;
- қозоқ тили ва адабиёти фанлари бўйича ташкил этиладиган машғулотларда инновацион ва ахборот технологияларнинг энг муносиб ва ўринли шакл ва усулларини топиш ва амалиётга татбиқ эта олиш;

– қозоқ тили ва адабиёти фанлари дарсларида талабаларнинг фаоллигини оширишга хизмат қиладиган интерфаол таълим шакллари, методлари ва воситаларидан педагогик амалиётда самарали фойдаланиш;

– талаба ва ўқувчиларнинг оғзаки ҳамда ёзма нутқ малакаларини оширишга оид шакл ва усуллар тизимидан амалий фаолиятда фойдалана олиш;

– квалиметрик жараёни ташкил этиш ва ўтказиш;

– талабалар билимини баҳолаш ва ўз-ўзини назорат қилиш ҳамда педагогик фаолиятда қўллай олиш *компетенцияларига эга бўлиши лозим.*

Модулнинг ўқув режадаги бошқа модуллар билан боғлиқлиги ва узвийлиги

Модул мазмуни ўқув режадаги “Қозоқ тили ва адабиётини ўқитишда замонавий ёндашувлар”, “Тизимли таҳлил ва қарор қабул қилиш асослари”, ўқув модуллари билан узвий боғланган ҳолда тингловчиларнинг соҳага оид компетентлик даражасини ривожлантиришга хизмат қилади.

Модулнинг олий таълим самарадорлигини оширишдаги ўрни

Модулни ўзлаштириш орқали тингловчилар таълим сифатини ошириш, ўқув-тарбия жараёнини модернизациялашда инновацияларнинг ўрни ва уларни мақсадли йўналтиришга оид зарурий билим, кўникма ва малакаларни ўзлаштирадиганлар ҳамда олий таълим муассасаси амалиётига кенг татбиқ этадилар.

Қозоқ тили ва адабиёти таълим йўналиши бўйича
**“Қозоқ тили ва адабиётининг таракқиёт йўналишлари ва
 инновациялар”** модулининг тақвимий-мавзулар
 РЕЖАСИ

т/р	Ўқув модулининг мавзулари	Ҳаммаси	Жами ўқув юклармаси	Жумладан			Мустақил таълим	Профессор-ўқитувчининг Ф.И.Ш
				назарий	амалий	кўчма машғулот		
1.	Тилшуносликнинг объекти, мақсади ва вазифалари. Тилнинг жамиятдаги ўрни ва вазифаси.	4	2	2				
2.	Тилнинг тарихи ривожланиши. Тилнинг тарихи ва жамият тарихи билан боғлиқлиги.	6	4	2	2		2	
3.	Лексикология ва унинг турлари. Лексикологиянинг соҳалари.	4	4	2	2			
4.	Адабиётшуносликнинг долзарб масалалари	4	4	2	2			
5.	Қозоқ халқ оғзаки ижоди.	4	4	2	2			
6.	XIX-XX аср қозоқ адабиётини ўрганишнинг асосий муаммолари.	4	4	2	2		2	
7.	Мустақиллик даври адабиётидаги янгича изланишлар ва талқинлар.	4	4	2	2			
Жами		30	26	14	12		4	

НАЗАРИЙ МАШҒУЛОТЛАР МАЗМУНИ

1-мавзу: Тилшуносликнинг объекти, мақсади ва вазифалари. Тилнинг жамиятдаги ўрни ва вазифаси. (2 соат)

Тилшунослик фанининг моҳияти ва вазифалари. Тил ва жамият. Тил тизими ва тил сатҳлари, бириклари ва уларнинг намоён бўлиш қонуниятлари. Тилнинг пайдо бўлиш назарияси. Тилни ўрганиш методлари. Тилнинг пайдо бўлиш назарияси. Тилни ўрганиш методлари. Лексикология моҳияти.

Семасиология қонуниятлари. Грамматика ва унинг таснифи. Лингвистика турлари ва лингвистик методлар ҳақида дастлабки тушунчалар.

2-мавзу. Тилнинг тарихи ривожланиши. Тилнинг тарихи ва жамият тарихи билан боғлиқлиги. (2 соат)

Тилнинг тарихий ривожланиши. Тилнинг пайдо бўлиши ҳақида тилшунос олимларнинг фикрлари. Жаҳон тиллар таснифи. Жаҳон тилларнинг генологик ва типологик таснифи.

3-мавзу. Лексикология ва унинг турлари. Лексикологиянинг соҳалари. (2 соат).

Лексикология моҳияти. Семасиология қонуниятлари. Грамматика ва унинг таснифи. Лингвистика турлари ва лингвистик методлар ҳақида дастлабки тушунчалар.

4-мавзу. Адабиётшуносликнинг долзарб масалалари. (2 соат)

Адабиётшуносликнинг долзарб масалалари ҳамда замонавий концепциясини илмий далиллаш. Ўзбек адабиётининг тараққиёт тамойиллари ва етакчи концепцияси.

Жаҳон адабиётшунослиги тушунчасининг таснифи ва тавсифи. Барқарор қоида ҳамда қонуниятларнинг шаклланиш, жорийланиш асослари. Гарб ва Шарқ адабий-эстетик тафаккурининг тарихи ва бугундаги умуманфаатли услуб, усул, тамойиллар. Фалсафий-эстетик, маънавий-этиқодий қарашларнинг адабиётшунослик долзарб масалаларини барпо этишдаги, муаммолар ечимидаги мавқеи ва аҳамияти.

Адабиётшунослик илмларининг замонавий тараққиёт тенденциялари. Масалаларга анъанавий ва инновацион ёндашувлар. Адабий жараёнлар ва адабий-назарий қарашларнинг ўзаро муносабат диалектикаси.

Ҳозирги дунё адабиётшунослигида адабиёт тарихининг классик ижодлари, намуналарини қайта таҳлиллаш, талқинлаш, баҳолаш жараёни. Адабий ижоддаги шаклий, жанрий, услубий анъанавий, тажрибавий, новаторона изланишларга илмий-назарий муносабат асослари.

Адабиётшуносликнинг замонавий масалалари, концепциялари, фалсафий-эстетик ечимларини қабуллаш, баҳолаш, назарий далиллар – адабиётшунослик тараққиётининг таъминотчиси сифатида.

5-мавзу. Қозоқ халқ оғзаки ижоди. (2 соат)

Халқ оғзаки ижоди қозоқ адабиёти тарихининг генезиси сифатида. Бугунги фольклоршунослигидаги тадқиқ ва талқинлар. Фольклор тилининг рамзий эканлиги. Халқ кўшиқларидаги тимсоллар рамзийлиги. Халқ кўшиқларидаги тимсолларнинг (төрт түлік мал жайында, жар-жар, қоштасу, беташар және т.б.) рамзий-мажозий хусусиятлари. Достонларни маъно қатламлари асосида ўрганиш муаммоси. Эпос ва этнос. Алпомиш достонини маъно қатламлари асосида ўрганиш муаммолари: маиший қатлам, социал қатлам, эзотерик қатлам. Эпос ва этнос. Фольклор асарларини ўрганишда инновацион ёндашувлар самарадорлиги.

6-мавзу. XIX-XX аср қозоқ адабиётини ўрганишнинг асосий муаммолари. (2 соат)

XIX-XX аср қозоқ адабиётнинг ўз даврида ўрганилишига, шўролар даврида ўрганилишига муносабат. Истиклол даврида қозоқ адабиётга муносабат. Қозоқ адабиётни даврлаштириш бўйича баҳс-мунозаралар. Бадиий матн талқинлари. Улардаги мунозарали жиҳатлар. Қозоқ адабиётини ўрганишнинг инновацион тараққиёт йўли.

7-мавзу. Мустақиллик даври адабиётидаги янгича изланишлар ва талқинлар. (2 соат)

Мустақиллик даври адабиётидаги янгича изланишлар ва талқинлар. Янги давр қозоқ адабиёти ва адабиётшунослигидаги барча ўзгаришларнинг бевосита истиклол имкониятлари натижаси эканлиги. Мустақиллик арафаси ва ундан кейинги дастлабки йилларда вужудга келган адабий-эстетик, илмий-назарий муаммолар. Мазкур муаммоларнинг илдизлари ва ечимларнинг тадбирлари. Поэтик ва адабий-назарий тафаккурнинг янгиланиш жараёни. Адабий илмлар ва адабиёт таълимида сўз санъатининг таҳлил, талқини. Бадиий ижод ва унинг намуналарига ёндашув усуллари ҳамда методларнинг кенгайиши, қатъийлашуви.

Жаҳон адабиётидаги услубий, ғоявий-бадиий ҳолат, ҳодисалардан таҳсиланиш, уларни ўзлаштириш, қабуллаш тенденциялари. Бугунги қозоқ шеърляти, насри, драматургиясининг етакчи тамойиллари.

Адабиётшунослик, адабий танқидда мустақиллик даври адабиётининг янгиланиш масалаларига муносабат тарзлари. Хилма-хил баҳс-мунозаралар ва уларнинг хулосалари. Бугунги қозоқ адабиёти ва адабиётшунослигининг долзарб масалалари.

АМАЛИЙ МАШҒУЛОТЛАР МАЗМУНИ

1-мавзу: Тилнинг тарихий ривожланиши. (2 соат)

Тилдаги субстрат, суперстрат, интерстрат, адстрат ходислар ҳақида. Тилнинг пайдо бўлиш назаряси. Тилни ўрганиш методлари. Лексикология моҳияти. Семасиология қонуниятлари. Грамматика ва унинг таснифи. Лингвистика турлари ва лингвистик методлар ҳақида дастлабки тушунчалар.

2-мавзу. Лексикология ва унинг турлари. Лексикологиянинг соҳалари. (2 соат)

Лексикология ва унинг ўзига хос хусусиятлари. Лексикологиянинг турлари. Қозоқ лексикологиясининг тадқиқот йўналишлари. Бугунги қозоқ лексикологиясининг долзарб муаммолари.

3-мавзу. Адабиётшуносликнинг долзарб масалалари. (2 соат)

Адабиётшуносликнинг долзарб масалалари ва унинг замонавий концепцияси. Ғарб ва Шарқ адабий-эстетик тафаккур тарихидан адабиётшуносликнинг ёрқин намуналари таҳлил-талқини орқали улардаги умумий ва хусусий хосликларни кузатиш. Бугунги дунё адабиётшунослигининг етакчи тараққиёт тамойилларининг устувор концепцияларининг, бадиий ижод намуналарига ёндашув принципларининг шарҳи.

Қозоқ адабиётшунослиги материаллари асосида адабиёт, унинг илмларидаги янгилаш жараянини таҳлил этиш. Қайта баҳолаш эҳтиёжи, янгича тадқиқ асослари ва бадиий асарга турлича ёндашув талабларини мустақиллик даври адабиёти ҳамда адабиётшунослиги намуналари мисолида кузатиш.

4-мавзу. Қозоқ халқ оғзаки ижоди. (2 соат)

Халқ оғзаки ижоди ҳақида тушунча. Халқ оғзаки ижодининг специфик хусусиятлари. Халқ оғзаки ижодининг миллий ўзига хослиги, жанр хусусиятлари ва жанрлари: кўшиқлар ва лирик шеърлар, афсоналар ва эртаклар. Достончилик мактаблари вакиллари ижоди. Қозоқ ишқий-саргузашт достони. Яқин ва узоқ қариндош бўлган халқларнинг оғзаки ижоди.

Фольклоршунослигидаги янги талқинлар. Халқ кўшиқларини тимсолларнинг рамзий-мажозий хусусиятларини янги талқинлар ва таҳлил ёрдамида аниқлаш.

Халқ достонлари маъно қатламларини аниқлаш. Алпомиш достонини маъно қатламлари асосида ўрганиш. Маиший қатлам, социал қатлам, эзотерик қатлам. Эпос ва этнос масаласининг халқ достонларини ўрганишда муҳимлиги. Фольклор асарларини ўрганишда инновацион ёндашувлар.

5-мавзу. XIX-XX аср қозоқ адабиётини ўрганишнинг асосий муаммолари. (2 соат)

XIX-XX аср қозоқ адабиётида поэтик асарларни шарҳлаб ўрганиш. А.Қунонбоев – қозоқ ёзма адабиётининг асосчиси. А.Қунонбоев асарларини шарҳлаб ўрганиш. Поэмаларининг ўзига хос хусусиятлари. Образ ва тимсол яратишда бадиий санъат ва тасвир воситаларининг ўрни.

XIX-XX аср қозоқ адабиётининг ўз даврида ўрганилишига, шўролар даврида ўрганилишига муносабат. Истиклол даврида қозоқ адабиётга муносабат. Қозоқ адабиётни даврлаштириш бўйича баҳс-мунозаралар. Бадиий матн талқинлари. Улардаги мунозарали жиҳатлар. Қозоқ адабиётини ўрганишнинг инновацион тараққиёт йўли.

6-мавзу. Бугунги қозоқ насрининг тараққиёт тамойиллари. (2 соат)

Бугунги қозоқ насрида дунё, инсон, маънавият моҳиятларига поэтик муносабат тамойиллари. Янгича адабий-эстетик тафаккур тарзини вужудга келтирган омиллар.

Катта ва кичик насрдаги тарихий, замонавий мавзулар миқёсининг кенгайиши. Узоқ ва яқин тарихга реалистик ёндашувнинг туб асослари.

Жаҳон адабиёти тенденциялари таъсирларига муносабат. Модернистик ифода усулларининг кириб келиши. Уларнинг қозоқ насридаги ифодаси. Анъанавийлик ва янгиликка илмий-назарий муносабат кўринишлари.

КЎЧМА МАШҒУЛОТЛАР МАЗМУНИ

Модул доирасида кўчма машғулотлар режалаштирилмаган.

МУСТАҚИЛ ТАЪЛИМ МАВЗУЛАРИ

Модул доирасида мустақил таълим учун 4 соат режалаштирилган.

Қозоқ тили ва адабиётининг тараққиёт йўналишлари ва инновациялар фанини ўқитишда бугунги фаннинг ютуқлари ва илғор тажрибаларини таълим-тарбия жараёнига татбиқ этиш.

Дастурнинг информацион-методик таъминоти

Модулларни ўқитиш жараёнида ишлаб чиқилган ўқув-методик материаллар, тегишли соҳа бўйича илмий журналлар, Интернет ресурслари, мультимедиа маҳсулотлари ва бошқа электрон ва қоғоз вариантдаги манбаалардан фойдаланилади.

Адабиётлар ва манбалар рўйхати

I. Ўзбекистон Республикаси Президентининг асарлари:

1. И.А.Каримов. Озод ва обод Ватан эркин ва фаровон ҳаёт пировард мақсадимиз, 8-жилд. – Т.: Ўзбекистон, 2000.
2. И.А.Каримов. Ватан равнақи учун ҳар биримиз маъсулмиз, 9-жилд. – Т.: Ўзбекистон, 2001.
3. И.А.Каримов. Юксак маънавият – енгилмас куч. Т.: “Маънавият”. – Т.: 2008.-176 б.
4. И.А.Каримов. Ўзбекистон мустақилликка эришиш оstonасида. Т.: “Ўзбекистон”. –Т.: 2011.-440 б.

II. Норматив-ҳуқуқий ҳужжатлар

1. Ўзбекистон Республикасининг Конституцияси. – Т.: Ўзбекистон, 2014.
2. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2011 йил 20 майдаги “Олий таълим муассасаларининг моддий-техника базасини мустаҳкамлаш ва юқори малакали мутахассислар тайёрлаш сифатини тубдан яхшилиш чора-тадбирлари тўғрисидаги” ПҚ-1533-сон Қарори.
3. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2015 йил 12 июндаги “Олий таълим муассасаларининг раҳбар ва педагог кадрларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида” ги ПФ-4732-сон Фармони.
4. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2006 йил 16-февралдаги “Педагог кадрларни қайта тайёрлаш ва уларни малакасини ошириш тизимини янада такомиллаштириш тўғрисида”ги 25-сонли Қарори.
5. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2012 йил 26 сентябрдаги “Олий таълим муассасалари педагог кадрларини қайта тайёрлаш ва уларнинг малакасини ошириш тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида”ги 278-сонли Қарори.

III. Махсус адабиётлар

1. Азизходжаева Н.Н. Педагогик технологиялар ва педагогик маҳорат. – Т.: Молия, 2003. – 192 б.
2. Арипов М. Интернет ва электрон почта асослари.- Т.; 2000. – 218 б.
3. Баркалов С.А. Системный анализ и принятие решений.– Воронеж: НПЦ ВГУ, 2010. 662с.
4. DUET-Development of Uzbekistan English Teachers*- 2-том. CD ва DVD материаллари, Тошкент.: 2008.
5. Michael McCarthy “English Vocabulary in use”. Cambridge University Press, 1999, Presented by British Council.
6. Исмаилов А.А, Жалалов Ж.Ж, Саттаров Т.К, Ибрагимходжаев И.И. Инглиз тили амалий курсидан ўқув-услубий мажмуа. Basic User/Breakthrough Level A1/-Т.: 2011. – 182 б.
7. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.
8. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.
9. Норенков И.П., Зимин А.М. Информационные технологии в образовании. Учебное пособие.М.: Изд. МГТУ им. Н.Баумана.2002.-336с.
10. Симонович СВ., Евсеев Г.А., Мураховский В.И. WINDOWS: лаборатория мастера: Практическое руководство по эффективным приемам работы с компьютером - М.: АСТ-ПРЕСС: Информком-Пресс, 2000. - 656 с.
11. Спицнадель В.Н. Основы системного анализа. Учебное пособие.– Санкт-Петербург: Издательский дом «Бизнес-пресса», 2000.–17с.
12. Зеер Э.Ф., Шахматова Н. Личностью ориентированные технологии профессионального развития специалиста. – Екатеринбург, 1999. – 244 с.
13. Саттаров Э., Алимов Х. Бошқарув мулоқоти. – Т.: “Академия”, 2003. – 70 б.
14. Махмудов И.И. Бошқарув психологияси. – Т.: 2006. – 230 б.
15. Махмудов И.И. Бошқарув профессионализми: психологик таҳлил. – Т.: “Академия”, 2011. – 154 б.
16. Педагогика назарияси ва тарихи // М.Х. Тўхтаўжаева таҳрири остида. – Т.: “Молия-иктисод”, 2008. – 208 б.
17. Шихова О. Ф., Шихов Ю. А. Квалиметрический подход в образовании. //Ж. Образование и наука. 2013. № 4 (103) – С . 40-57.
18. Жукова Г.С., Комарова Е.В., Никитина Н.И. Квалиметрический подход в системе дополнительного профессионального образования специалистов социальной сферы: монография. – М.: Издательство РГСУ, 2012. – 186 с.
19. Сафаров Ш. Когнитив тилшунослик. –Т.: “Фан”, 2007.
20. Сафаров Ш. Прагмалингвистика. –Т.: “Фан”, 2008.

21. Тоирова Г., Сафаров Ш. Нутқни социопрагматик ўрганиш асослари. –Жиззах.: 2006.
22. Толипов Ў., Усмонбоева М. Педагогик технологияларнинг тадбиқий асослари – Т.: 2006. – 163 б.
23. Бектўров Ш.К. Қозоқ тили: фонетика, лексика, морфология, синтаксис. А., 2006.
24. Балақаев М., Сайранбаев Т. Ҳозирги қозоқ тили. А.: 1997.
25. Оралбаева Н. Ҳозирги қозоқ тилининг морфологияси. А.: 2007.
26. Ахмедов К. Адабиётшуносликка кириш. Қ.: 1998.
27. Сўйиншәлиев Х. Қозоқ адабиёти тарихи. А.: 1997.
28. Исабаев А. Қозоқ тилини ўқитиш методикаси. Т.: 2003.
29. Жўмажанова Т. Адабиётни ўқитиш методикаси. А.: 2009.
30. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.
31. Сыздыкова Р. ва бошқ. Бадий матннинг лингвистик таҳлили. -А. 2002.
32. Кенжебаев Б. XX аср бошидаги қозоқ адабиёти. –А. 1993.

IV. Электрон таълим ресурслари

1. Ўзбекистон Республикаси Давлат Ҳокимияти портали: www.gov.uz
2. www.ziyonet.uz
3. www.edu.uz
4. Infocom.uz электрон журнали: www.infocom.uz
5. <http://learnenglishkids.britishcouncil.org/en/>
6. <http://learnenglishteens.britishcouncil.org/>
7. <http://learnenglish.britishcouncil.org/en/>
8. www.tdpu.uz.

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МӘТІНІ

1-тақырып: Тіл білімінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.

Жоспары:

- 1.Тіл білімі және оның зерттеу нысаны.
- 2.Тіл білімі және оның салалары.
- 3.Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны.
- 4.Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.
- 5.Тіл білімінің теориялық және практикалық мәні.

Тірек ұғымдар: лингвистика, энтропия семасиологи, семантика, этимология, фразеология, ономонология, синтаксис, атрибут, субстанция, семиотика, синхрония, диахрония.

«Тіл біліміне кіріспе» - жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндеті – студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдарымен, терминдерімен таныстыру, оның басты теориялық қағидаларын баяндап беру .

Тіл білімі (лингвистика)-тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл -қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау-сөйлесу құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады.

Тілдің осы аталған әртүрлі жақтары тіл білімінің тиісті салаларында қарастырылады. Тіл білімінің салаларының әрқайсысы өз ішінде тағы да бірнеше тармақтарға бөлінеді Мысалы, фонетика саласы 1) сипаттама фонетика, 2) салыстырмалы –тарихи фонетика, 3) Эксперименттік фонетика және тағы басқа болып бөлінеді .

Тіл және оның әртүрлі салалары ылғи дамуда болады .Ол даму қалай болса солай емес, тілдің ішкі даму заңдары бойынша дамиды.

Тілдің әртүрлі жақтары дыбыс жүйесі(фонетика), сөздік құрамы (лексикология), грамматикалық құрылысы(грамматика) бір-бірімен тығыз бірлікте сөз етіледі. Өйткені тіл білімі тілдің әр түрлі салалары мен

тармақтарын, олардың дамуын, өзара байланысын, тіл дамуының ішкі заңдылықтарын зерттейді.

Тілдің белгілі бір дәуірде өмір сүріп тұрған қалпын зерттейтін тіл білімі бар және оның шығуы мен тарихын, дамуын зерттейтін тіл білімі бар. Алдыңғысы – сипаттама тіл білімі (немесе синхрондық лингвистика), соңғысы – тарихи тіл білімі (немесе диахрондық лингвистика) деп аталады.

Белгілі бір тілді оның жүйесі мен құрылымын ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру үшін және оның даму заңдарын айқындау үшін ол тілді және ондағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды туыстас тілдердегі бір тектес құбылыстармен салыстыру тұрғысынан зерттеу қажет.

Белгілі бір тілдің жүйесі мен құрылысын және оның даму заңдарын айқындайтын жеке тіл білімі (мысалы, қазақ тіл білімі немесе орыс тіл білімі) бар да, ғылым ретіндегі тіл білімінің теориясы болып саналатын жалпы тіл білімі бар.

Болмыстағы құбылыстардың бір тобы – жаратылыс құбылыстары болса, екінші тобы – қоғамдық құбылыстар.

Жаратылыс құбылыстарын жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология, математика т.б.) зерттесе, қоғамдық құбылыстарды – қоғамдық ғылымдар (тарих, философия, психология, логика, заң, тіл, әдебиет т.б. ғылымдар) зерттейді. Осыған байланысты, ғылым атаулы екі топқа бөлінеді: оның бірі – жаратылыстану ғылымдары, екіншісі – қоғамдық ғылымдар.

Тіл білімі – ғылымдардың екінші тобына, яғни қоғамдық ғылымдар тобына жатады. Тіл білімінің басқа ғылымдар жүйесінде алатын орны ерекше. Себебі кез-келген ғылым тіл арқылы түсіндіріледі, тіл арқылы игеріледі. Тіл білімі көптеген ғылымдармен байланысқа түсіп, солармен қарым-қатынаста дамып келеді. Ол ең алдымен қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста. Себебі, тіл қоғамның тууымен бірге туып, қоғамның дамуымен бірге дамитын қоғамдық құбылыс. Ол қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас жасау құралы ретінде қызмет атқарады.

Тіл білімі бірінші кезекте, әдебиетпен байланысты. Өйткені «тіл - әдебиеттің бірінші элементі». Әдеби шығарма лингвистер үшін өте құнды материал. Әсіресе тіл білімінің стилистика саласы әдебиеттанумен тығыз байланысты. Тіл білімі философиямен тығыз байланысты. Философия тек тіл білімінің ғана емес, күллі ғылымдардың методологиясы болып саналады. Философия да тіл білімі де барлық құбылыстарды бір –бірімен өзара байланыста қарастырады. Тіл білімі логикамен тығыз байланысты.

Логика - ойлау заңдары мен ой формалары туралы ғылым. Ал ойлау әдетте, тіл арқылы іске асады, тіл арқылы жарыққа шығады.

Тіл білімі психологиямен де байланысты. Психология түйсік пен қабылдауды, ес пен ойды, сезім мен зейінді зерттейді . Ал бұлардың сөйлеу процесіне тікелей қатысы бар. Адам сөз арқылы белгілі бір затты атап қана қоймайды, сонымен бірге сол затқа (құбылысқа) өзінің қатынасы мен оған қалай қарайтындығын да білдіреді. Яғни тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сезімді де білдірудің құралы.

Лингвистиканың тіл дыбыстарын зерттейтін саласы-фонетика физиологиямен байланысты. Өйткені сөйлеу – дыбыстау мүшелерінсіз (ауыз, тіл, тіс) мүмкін емес. Тіл білімі физиканың акустика саласымен де байланысты. Адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Жалпы дыбыс атаулыны физиканың акустика саласы зерттейді.

Тіл білімінің тарих ғылымымен, оның ішінде этнографиямен, археологиямен байланысы бар. Тіл тарихы-сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы халықтың тарихымен байланысты. Олар бірін-бірі байытады, бірін-бірі толықтырады. Тілдік деректерді – тарих, тарихи мәліметтерді – тіл пайдалана алады.

Тіл білімі антропологиямен де байланысты. Антропология - адамның биологиялық табиғаты, морфологиялық типтері туралы ғылым. Адам баласы тілінің пайда болу дәуірін айқындауда әсіресе палеантропологияның деректері айрықша маңызды.

Тілге кейде географиялық факторлар да әсер ете алады. Тіл білімі мен географияның өзара байланысы ғылымның жаңа бір саласы – лингвистикалық географияның тууына әкеп соғады. Лингвистикалық география тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстардың қай территорияға тарағанын көрсетеді.

Тіл – таңбалар жүйесі. Осыған орай тіл білімі жалпы таңба атаулыны қарастыратын – семиотика ғылымымен байланысқа түседі. Таңбаларға Морзе әліппесі, жазу мен цифрлар, жол белгілері тағы басқалар жатады. Жазусыз (әріптерсіз) тіл жоқ екені белгілі.

Тіл білімі белгілі дәрежеде математикамен де, кибернетикамен де байланысты. Тіл білімі математика ғылымымен біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілді зерттеуде математикалық статистика әдістерінің қолданылуы жағынан байланысады.

Тіл алдымен ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Соның нәтижесінде тілдің табиғаты, оның даму заңдылықтары айқындалады, ондағы тілдік категориялар сараланады. Ол категориялар мен заңдардың бір –бірімен байланысы, өзара қарым-қатынасы анықталады. Сөйтіп белгілі бір тіл туралы қорытындылар жасалынады. Сол қорытындылар негізінде грамматикалық, яғни ғылыми немесе нормативті оқулықтар жазылады, түрлі сөздіктер құрастырылады. Міне, тілдің теориялық мәні дегеніміз осы.

Ал тілдің практикалық мәні деп-әлгі заңдылықтарды да білуді, ол үшін сол тілді оқуды, үйренуді айтамыз. Белгілі бір тілді оқып білу – ең алдымен, сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттырады, адамның ой өрісін кеңейтеді. Содан кейін тілді, оның заңдары мен қағидаларын үйретеді.

Тілдің табиғаты деген нәрсе – тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі. Неміс ғалымы – Франс Бопп: Тіл биологиялық құбылыс, оны құдай жаратқан,- деп есептеді. Бұл пікірді А.Шлейхерде қолдады. Ол: « Тіл де биологиялық организм сияқты туады, өседі, өледі», - дейді.

Бұлай болған күнде тіл атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа тұқым қуалау арқылы беріліп отыруы керек еді. Әрине, бұл пікір дұрыс емес. Тіл – атадан

балаға ген арқылы берілетін құбылыс емес, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отыратын, кейінгі ұрпақ алдыңғы ұрпақтан үйреніп отыратын нәрсе.

Олай болатын себебі – жаңа туған бала өз ата-анасының тілінде сөйлеуі де мүмкін, сөйлемей де мүмкін. Жаңа туған баланың өскен ортасы өз ата-анасының тілінен басқа орта болса, ол сол ортаның тілінде сөйлеп кетеді. Оған өмірде мысалдар толып жатыр. Бұл - тілдің биологиялық құбылыс емес екендігін дәлелдейді.

Екінші бір топ ғалымдар(Г.Штейнталь, А.Потебня) тілді психологиялық құбылыс деп біледі. Бұл пікір «тіл құдай жаратқан нәрсе емес, оны жеке адам жасайды, жеке адамның рухы туғызады»- деген түсініктен туған. Алдыңғы пікір сияқты бұл да қате пікір. Егер тіл рухтың туындысы болса, әрбір адамның жеке-жеке өз тілі болған болар еді де, бір тұтас халықтың, ұлттың тілі болмас еді. Өмірде де олай болмайтынын көпшілік жақсы біледі. Жеке адамның тілі қауымда ғана жасалынады, қауымда ғана дамиды.

Ендеше, адамзат тілі – биологиялық та, психологиялық та құбылыс емес, ол қоғамдық (әлеуметтік) құбылыс, қоғамға қызмет етеді. Себебі тіл қоғам үшін, қоғам мүшелерінің пікір алысып, өзара түсінісу үшін керек, сол үшін жаралған. Пікір алысу, түсінісу қоғам бар жерде ғана болады. Бір–бірімен сөйлесетін адамдар жоқ жерде тіл де жоқ. Қоғам қай жерде, қашан туған болса, тіл де сол жерде, сол заманда пайда болған. Қоғамсыз – тіл, тілсіз - қоғам болмайды .

Тілдің қоғамдық қызметі

Тілдің ең басты қасиеті не?

Оның ең басты қасиеті – қатынас құралы болу қызметі. Тіл – адам баласы қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын қоғамдық құбылыс.

Тіл мен қоғамның арасындағы байланыс екі жақты болады. Біріншісі: тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі мүмкін емес. Өйткені тіл –қоғамның өмір сүруінің басты

шарты .Екіншісі: тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғамнан тыс тіл жоқ.

Тілдің екінші басты қызметі - ол ойлаудың, ойды жарыққа шығарудың құралы. Адамның ойы тіл (сөйлемдер) арқылы белгілі болады. Демек, ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты.

Тілдің бұл екі қызметінен басқа ,яғни қатынас құралы болу қызметі мен ойлаудың құралы болу қызметінен басқа, тағы бір қызметі бар .Ол – оның атауыштық (номинативтік) қызметі. Яғни тіліміздегі әрбір сөз, сөз тіркесі – белгілі бір заттың, ұғымның, қимылдың, сынның аты, атауы болып табылады.

Тілдің төртінші қызметі – экспрессивті –эмоциональдық қызмет. Тілдің экспрессивті –эмоциональдық қызметі деп –адамның сол затқа, ұғымға деген өзіндік (субъективті)қатынасын,эмоциясын, яғни не жақсы көру, не жек көру сезімін айтамыз. Мысалы, *алақай, масқара, қап, айналайын. т,б*

Тіл халықтың тарихы, оның өмірінің ізі. Тілден сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы сезіліп тұрады .

Тіл –талай заманның жемісі. Ол бірнеше қоғамға қызмет ете береді. Мысалы, қазақ тілі феодалдық қоғамға да социалистік қоғамға да қызмет етті. Енді, міне, нарықтық қатынас қоғамына да қызмет етіп отыр.

Тіл белгілі бір топтың, айталық, не байдың, не кедейдің мұқтажын өтеу үшін емес, қоғамдағы барлық таптар үшін қызмет атқарады.Олай болса,тіл таптық сипатқа емес, жалпы халықтық сипатқа ие болады. Бұл-оның ең басты ерекшелігі.

Сонымен, тіл таптық құбылыс емес. Ол- қоғамдық құбылыс.

Тіл және ойлау

Тіл мен ойлау өзара байланысты. Дыбыстық тіл де, абстракты ойлау да адамға тән құбылыстар. Біріншіден, тіл де, ойлау да–адам миының туындысы, соның жемісі, екіншіден, тіл де, ойлау да қоғамдық құбылыстар. Адамның ойы арқылы тілдік бірліктер (сөздер,сөз тіркестері,сөйлемдер) болмыспен (объективті дүниемен) байланысқа түседі. Мұнсыз адамдар бір –

бірімен сөйлесе алмаған болар еді. Өйткені тілдік бірліктер болмыстағы заттар мен құбылыстардың аттары. Сондықтан да, біз: тіл–ойлаудың құралы,- дейміз.

Қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып (не жазып) жеткізеді. Тыңдаушы да айтушының ойын тіл арқылы түсінеді. Сондықтан болар, К.Маркс :«Тіл дегеніміз-ойдың тікелей шындығы»-деген болатын. Ой тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Демек, тіл –пікір алмасу құраы, ойлаудың құралы, ойды жарыққа шығару құралы .

Тағы да қайталайық: ойлау мен тіл бір–бірімен тығыз байланысты. Тіл ойлаудың шығуымен бірге, бір мезгілде шығып қалыптасты және оның дамуымен бірге дамып келеді. Ендеше тілдің ойлаудан тыс болуы мүмкін емес екен.

Бір нәрсені танып білуде тілдің атқаратын рөлі зор. Олай дейтін себебіміз, белгілі бір затты жақсы тану үшін, яғни оған ат қою үшін, ең алдымен сол заттың басты белгілерін білу керек. Сол басты белгілерін жақсы білсең, оны тану да, оған ат қою да оңай. Мысалы, ненец (Солтүстік Мұзды мұхит жағалауында тұрады) тілінде қардың түрлерін білдіретін 40 шақты арнаулы атаумен бірге жалпы қар ұғымын білдіретін *сыра* (мағынасы –«қар») деген сөз бар.

Бұдан шығатын қорытынды: атау сөз (ұғым) жалпы (абстракты) және нақтылы (конкретті) немесе деректі және дерексіз болып екіге бөлінеді.

Адам тіл арқылы ойлайды. Ұғым сөз арқылы жатталып қалады. Ал сөз мазмұн мен форманың бірлігінен тұрады. Сөздің мазмұнын оның ұғымы мен мағынасы жасайды да сөздің формасын оның дыбыстық құрамы туғызады. Ұғымның сөзбен (формамен) айтылуы қаншалықты міндетті болса, сөздердің дыбыстар тіркесімен жасалуы да соншалықты міндетті. Сөздерді бір-бірімен тіркестіріп қолдану арқылы ғана ойды білдіруге, пікір алысуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, тағы да қайталап айтамыз: тіл- ойды айтып жеткізудің құралы.

Тіл біздің ойымызды туғызып,оны жеткізіп қана қоймайды,сонымен бірге, ол адамдардың сан ғасырғы мол тәжірибесін сақтайды және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады.

Дыбыс-тілдің материалдық бірлігі, сөздің құрастырушы бөлшегі. Ол тілдік форма болып саналады.Ендеше,сөз де,сөз тіркесі де, сөйлем де тілдік формалар, тілдік элементтер болып есептелінеді.Сөздің формасы оның дыбыстық құрамынан көрінеді де,мазмұны оның мағынасынан белгілі болады.Тілдегі әрбір сөз, сөз тіркесі,сөйлем қандай да болсын белгілі бір мағынаны, ұғымды ойды білдіреді. Ұғым мен мағына және ой тілдік бірліктердің мазмұны болып табылады. Тілдік форма мен мазмұнның арасындағы байланыс, яғни сөз бен мағынаның арасындағы байланыс – табиғи байланыс емес,ол шартты байланыс. Мысалы, «ұннан иленіп,тапаға пісірілген тағам» деген ұғым мен оның нан деген лексикалық атауының арасындағы байланыс-табиғи байланыс болса, дүние жүзі халықтарының бәрі оны нан деп атаған болар еді. Жоқ. Олай емес оны біреу-нан, екіншілер –*хлеб*, үшіншілер - *brot* (нем.), төртіншісі - *bread* (ағыл.) деп атайды. Олай болса, олардың арасындағы байланыс - кейіннен қалыптасқан байланыс екен.

Адам өз ойын сөйлеп не жазып білдіреді .Кім айқын ойласа, ол айқын,әрі түсінікті сөйлей алады. Болмаса, керісінше, кім айқын, анық сөйлей алса, ол анық, айқын ойлай алады.

Бұған қарап, тіл мен ойлау тепе-тең,бірдей нәрсе деп ұғып қалуға болмайды.Неміс ғалымы В.Гумбольдт солай ұққан. Ол әр түрлі тілдердің болуы әр түрлі ойлаудың нәтижесі,-деп есептеді. Бұл мүлде қате тұжырым болатын.

«Тіл мен ойлау тепе-тең »деп қателесушлер сияқты, «тіл иен ойлаудың арасында ешқандай байланыс жоқ, олар бір-бірінен мүлде бөлек» деп,қате тұжырымдаушылар да жоқ емес. Мәселен, американдық ғалымдар Л.Блумфильд пен З.Харис осылай дейді. Алдыңғы пікір қаншалықты қате болса, соңғы пікір де соншалықты қате.

Сонымен тіл мен ойлаудың арасына тепе-теңдік белгісін қойып

теңестіру де, ол екеуінің бірлігін жоққа шығарып, бірінен –бірін бөліп тастау да ешбір ғылыми негізі жоқ қате көзқарастар болып саналады.

Тіл мен ойлау әрдайым бірлікте болады. Ойлау тілдегі сөздер мен сөйлемдердің негізінде іске асады, солар арқылы басқаларға белгілі болады. Басқаның ойын да тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы түсіне аламыз.

Тілдің таңбалық сипаты

Тілдің таңбалық сипаты оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Лингвистер бұл мәселеге ертеден бері-ақ назар аударып келеді. Фердинанд де Соссюр өзінің «Жалпы тіл білімінің курсы» (1916) атты еңбегінде тілді таңбалар жүйесі деп қарастырған және оны таңбалардың басқа жүйелерімен салыстырған

Таңбалар жүйесінің мынадай түрлері бар: жол бойының белгілері, әскери сигналдар, цифрлар (араб және рим), әріптер т.б.

Бұларды шартты таңбалар деп атайды.

Тіл–таңбалардың ішіндегі өте-мөте маңыздысы. Ендеше, тілді де, оның элементтерінде (морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді) тілдік таңбалар деп білеміз. Мұндағы негізгі мәселе–таңба мен мағынаның байланысында.

Тілдің немесе тілдік бірліктердің таңбалық сипатына не жатады ?

Біріншіден, тілдік бірліктер (сөздер) нені білдірсе де жалпылап білдіреді, екіншіден, сол білдірген (танытқан) нәрсесін тіркейді және оны сақтайды, сөйтіп оны келешек ұрпаққа жеткізеді. Яғни тілдің таңбалық сипатына тілдік бірліктердің үш түрлі қызметі жатады. Олар: 1) атауыштық қызмет (затқа ат қою, белгілеу, тіркеу–номинативті қызметі), 2) коммуникативтік қызмет (бір нәрсені хабарлау, пікір алысу қызметі), 3) эстетикалық қызмет (сезімге әсер ету–эмоционалдық, экспрессивтік қызмет).

Кез келген таңбаның екі жағы болады: бірінші жағы–формасы, екінші жағы–мазмұны. Мысалы, көшедегі бағдаршамның жасыл түсі –сол таңбаның формасы, ал «көшеден өтуге рұқсат» деген мағынасы оның мазмұны. Тілдік

таңбалардың да (бірліктердің де) дәл осындай екі жағы болады.Мысалы, бала,-лар/-лер,- дың/-дің т.б.Бұл формалар мен мазмұндар тек сол таңбалар жүйесінде ғана мәнге ие бола алады, ол жүйеден тыс әлгіндей мағыналарды білдіре алмайды. Айталық, қазақ тілінің түбір морфемасы (бала) немесе аффикстік морфемасы (-лар) орыс тілінің болмаса басқа бір тілдің жүйесінде ешқандай мәнге ие бола алмайды . Сондықтан да, біз «қазақ тілінің жүйесі» деген терминдерді жиі қолданамыз.

Шартты таңбалар мен тілдік таңбалардың айырмашылықтары бар.егер шартты таңбаның бір формасына әдетте бір ғана мазмұн сәйкес келсе,тілдік таңба әр уақыт солай бола бермейді .Кейде тілдік таңбаның бір формасына бірнеше мазмұн(мағына) сәйкес келуі мүмкін, болмас керісінше :бір мазмұнға бірнеше форма сәйкес келуі мүмкін.

Мұны былайша көрсетуге болады :бір форма >бірнеше мазмұн (көп мағыналық,оинонимия) немесе бірнеше форма > бір мазмұн (синонимия,дублет,вариант).

Тілдік таңбаның түрлері (типтері):фонемалар,грамматикалық морфемалар,сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер.

Тілдік таңбаның екі түрлі белгісі бар.Олар еріктілік және шарттылық дегеніміз-таңба мен сол таңба арқылы белгіленген заттың немесе ұғымның арасында ешқандай табиғи байланыстың жоқтығы.Сондықтан да,бір зат әр тілде әр түрлі сөздермен (әр басқа дыбыстық кешенмен) аталына береді (белгіленеді).Ол зат пен оның атауының арасында шартты түрде ғана (табиғи емес) байланыс болады .

Енді тілдік таңба мен шартты таңбалардың арасындағы айырмашылықтарға келелік. Бұлардың арасында ұқсастық бар,сонымен бірге,оларды бірдей, тең деп есептеуге болмайды. Ұқсастығы:екеуінде де форма мен мазмұн бар, екеуі де-бірдеме жайында «хабарлаудың» құралы. Ал айырмашылықтары:

1)Тіл –ойды білдірудің,пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Шартты таңбалардың қолдану өрісі тілге

қарағанда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз. Мысалы, бағдаршамның қызыл түсі «көшеден өтуге болмайды» дегеннен басқа еш нәрсе хабарлай алмаса, тіліміздегі қызыл деген сөз бірнеше ұғымды қамтиды: біріншісі- түстің атауын, екіншісі-«ет»немесе «бидай» деген ұғымды, үшінші –«большевик» дегенді, төртінші-«қылша,қызылша» (корь)деген ауру атын білдіреді.

2)Тілдің шартты таңбалардан айырмашылығы –ол(тіл)мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге, адамның хабарлайтын жайға қатысын, қалай құарайтынын, ұнатуын немесе ұнатпауын,қуанышын немесе қайғысын да білдіреді .

Мысалы, жоғарыда аталған қызыл сөзінің «ет» немесе «бидай»деген мағынасы жағымды сезімімізді тудырса, ауруды еске салып тұрған төртінші мағынасы(«балама қызыл шығып жатыр»)-аяныш сезімін тудырады. Қызыл сөзінің «большевик» деген мағынасы да сондай. Ол бұрын жағымды мағына тудырса, қазір жағымсыз мағына туғызады. Мұндай қасиет таңбалардың басқа жүйелерінде (мысалы, жол белгілерінде) жоқ..

3) Шартты таңбалар келісім бойынша қолданжасалады,келісім бойынша өзгертіле алады. Мысалға қазақ тіліндегі Ұ дыбысын алалық .Ол дыбысты біз араб әліпбиін (алфабитін) пайдаланып жүрген кезде әріпімен белгілеген едік.Кейін,яғни 1929 жылы латын әліпбиіне көшкенде оны U әріпімен таңбаладық. 1940 жылы орыс графикасына(кирилица) көшкен кезде әлгі дыбысты у әріпімен белгілеуге келістік. 1951 жылы аталған дыбысты (тағы да келісім бойынша) Ұ әріпімен таңбалауды жөн деп таптық.

Тілдік таңбалар қоғам мүшелеріне бағынышты емес.Мысалы, қара,сары деген сөздерді адамдар келісіп жасаған жоқ. Тым ерте заманда ата-бабаларымыз қара,сары түсті де солай атаған. Әрбір жаңа ұрпақ қалыптасқан сөзді сол күйінде қабылдайды, сол күйінде үйренеді. Ол ешқашан өзгермейді. Егер өзгере қалса, келісім бойынша емес, тілдің даму заңдары бойынша ғана өзгереді. Мысалы: сарық>сарығ>сары.

4)Барлық шарттары таңбалар сайып келгенде дыбыстық тілге негізделеді, олардың мағыналары тіл арқылы айқындалады, тіл арқылы түсінікті болады. Мысалы,бағдаршамның қызыл түсін тіл арқылы: «қызыл шам- өтуге болмайды деген белгі» деп түсіндірмесек, қызыл шам өздігінен еш нәрсені білдіре алмаған болар еді.

Сонымен, тілдік таңбалардың қызметі, мәні зор екен,оның ауқымы кең. Шартты таңбалар тілдік таңбалардың қызметін атқара алмайды.

Тілдің құрылымдық және жүйелілік сипаты.

Тіл - белгілі бір құрылымы, жүйесі және қызметі бар, біртұтас құбылыс. Яғни тілге құрылымдық (структура), жүйелік (система) және қызмет(функция) деген үш түрлі сипат тән.

Бұлардың әрқайсысының өзіне тән,нақтылы мазмұны болады. Тілдің қызметі туралы жоғарыда айттық.Енді құрылым мен жүйе дегендерге келелік.

Құрылым деп, әдетте, бүтін нәрсенің элементтерінің арасындағы қатынастардың тінін немесе сұлбасын айтады.

Ол бүтіннің бір тектес немесе әр тектес элементтерінің ара қатынасын және бірлігінен тұрады.Элементтер яғни тілдік бірліктер мыналар:1)дыбыс (фонема), 2)морфема, 3)сөз, 4)сөз тіркесі, 5)сөйлем және 6)мәтін.

Дыбыстар (фонемалар)-есту мүшелері арқылы қабылданатын,бір морфеманы екінші сөзден ажырататын ең кіші тілдік элемент. Мысалы, п, с, т, д, м, н дыбыстары пән,сән, тән, дән, мән, нән деген сөздерді бір-бірінен ажыратып тұр.

Морфема- дыбыстар мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік элемент. Морфеманың түбір морфема (бұл+ін,красн+ый), аффикстік морфема (жылқы+шы,бала+лық, ағаш+тың,бұтағ+ы) деген түрлері бар.Бұлардың,яғни жұрнақтар мен жалғаулардың әрқайсысының білдіретін мағыналары болады. Мысалы, сөз тудырушы мағына, сөз түрлендіруші мағына(яғни сөздердің байланысын,бір –біріне қатынасын білдіретін мағына) т.б. Морфема бір ғана фонемадан да құралуы мүмкін. Мысалы: бар+са+м, бар+са+ң,бар+а+ды.

Сөздер заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні, іс-әрекет пен қимылды атайды, солардың атаулары ретінде қызмет атқарады.

Сөздің бұл қызметін – номинативті (атау болу) қызмет деп атайды.

Сөйлем ойды, байымдауды білдіреді, бір нәрсені хабарлау қызметін атқарады. Сөз номинативтік қызмет атқарса, сөйлем коммуникативтік (пікір алысу, сөйлесу) қызметін атқарады. Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін сөйлемдер арқылы іске асырады.

Кез келген тілдің жалпы құрылымы мен жүйесі болады. Сонымен бірге оның әрбір қабатының (деңгейінің-уровень), мысалы фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік қабаттарының әрқайсысының жеке өз құрылымы, өз жүйесі болады. Әр құрылым мен жүйенің мүшелері ретінде қызмет етеді.

Олай болса, жүйе дегеніміз не?

Жүйе дегеніміз - өзара байланысты бір тектес элементтердің бірлігі. Ол заттық негіз (материя, субстанция), құрылым және қызмет деген үш ұғымның ұштасып келуінен, олардың бірлігінен және өзара қатынасынан құралады. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни жүйе – рет-ретімен ұйымдаса орналасқан біртұтас құбылыс (бірлік). Жүйе материя мен құрылымның бірігуі, қосылуы түрінде өмір сүреді және белгілі бір қызмет атқарады.

Сондай-ақ, жүйе дегенді - өзіне тән айрықша құрылымы бар кіші жүйелердің жиынтығы деп те атауға болады. Тіл құрылымының жеке қабаттарының жүйелері бір-бірімен қарым-қатынаста, өзара байланыста тұрып тілдің жалпы жүйесін құрайды.

Тілдің жүйелік сипаты оның барлық деңгейінен (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) көрінеді. Мысалы, кез келген тілдің фонетикасында «дауысты дыбыстардың жүйесі», «дауыссыз дыбыстардың жүйесі» деген тақырыптар бар. Ол әрине, тегін емес. Дауыстылар жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң болып бөлінеді. Бұлай жұп-жұбымен және бір-біріне қарама-қарсы қойылып топтасуы тілдің дыбыстық қабатында белгілі бір жүйе бар екендігінің белгісі.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. «Тіл білімінің негіздері» пәнінің мақсаты мен міндеті не?
2. Тіл білімі нені зерттейді?
3. Жеке тіл білімі мен жалпы тіл білімінің қандай айырмашылықтары бар?
4. Тіл білімі ғылымдар жүйесіндегі орны қандай?
5. Тіл білімінің географиямен байланысына сипаттама бер.
6. Тіл білімінің теориялық мәні неде?
7. Тіл білімінің практикалық мәні неде?
8. Тілдік таңбаға қандай қасиеттер тән?
9. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың ұқсастықтары неде?
10. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың айырмашылықтары неде?

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1993.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. А., 1996.
3. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминдері. А., 1997.
4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А., 1996.

2-тақырып: Тілдің тарихи дамуы. Тілдің тарихиы мен қоғам тарихының байланыстылығы.

Жоспары:

1. Тілдің дамуы
2. Синхрония және диахрония
3. Тілдердің қарым-қатынасы және өзара әсері.

Тірек ұғымдар: суперстрат, адстрат, субстрат, этникалық қауымдар, этнос, халық.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болады.

Қоғам пайда болғаннан бері тіл қоғамға қатынас құралы ретінде қызмет етіп, оның дамуымен бірге дамып келеді. Қоғамның және оның дамуы тілдің дамуына әсер етпей тұра алмайды. Солай бола тұрса да, тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз заңдары бойынша дамиды.

Тілдің дамуы туралы бірнеше қате көзқарастар болды. Мысалы, Н.Я. Марр тіл дамуының әртүрлі сатысы бар және ол сатылардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық формацияға (айталық, феодалдық қоғамға, капиталистік қоғамға) сай келеді деп есептеді.

Ағайынды Шлегельдер мен Гумбольдтың тілдің өткен дәуірін-классикалық дәуір, тілдің гүлденіп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер-тілдің азу, бүліну дәуірі деп есептеулері ешбір шындыққа жанаспайтын, мүлдем қате көзқарас.

Неміс лингвисті Август Шлейхер тілдің дамуының өсімдік мен хайуанаттардың өсіп дамынан айырмашылығы жоқ-деп есептейді. Шлейхердің пікірінше, тіл биологиялық организм сияқты туады, өседі, қартаяды, ақырында өледі.

Бұл да қате көзқарас. Тіл –биологиялық құбылыс емес, қоғамдық құбылыс. Осылай болғандықтан бұл екеуінің даму жолдары әр басқа. Тілдің дамуының өзіне тән заңдылықтары бар, тірі организмдердің дамуының өзіне тән заңдары бар. Демек, бұл екеуін бірдей деп есептеу қате.

Сонымен, тіл дамиды екен. Ендеше, оның даму жолдары қандай?

Н.Я.Марр тілдің сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі, яғни дамуы революция жолымен, анықтап айтқанда, бар тілді жойып жіберіп, жаңа тіл жасау жолымен болады деп есептеді. Бұл қате теория болатын. Тілдің дамуы-бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін дамыту, жетілдіру жолымен, яғни эволюция жолымен, ішкі даму жолымен болады.

Тілдің даму заңдарына келмес бұрын, алдымен, тілдің заңдары-жалпы заңдар (общие законы) және жеке заңдар (частные законы) болып екіге бөлінетіндігін айтып алуымыз керек.

Жалпы заңдардың қатарына тілдің әртүрлі құрылымдық элементтерінің даму қарқынын біркелкі болмауын жатқызуға болады. Мысалға тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын алалық. Бұлардың даму қарқыны бір келкі емес. Сөздік құрамы өзгеріске өте-өте биік болады. Қоғамдағы өзгерістерді ол тез қабылдайды. Ал грамматикалық құрылыс өте баяу өзгереді. Бұл-тіл атауының барлығына бірдей тән, күллісіне ортақ жалпы заң.

Осылай бола тұрса да, бұл ортақ заңның әртүрлі нақтылы тілдерде жүзеге асуы түрліше болуы мүмкін. Өйткені ол тілдердің өздеріне тән заңдары болады. Сондықтан, күллі тілдерге ортақ заң жеке тілдерде өзінше дамуы орынды. Мұндай заңдарды тіл дамуының жеке, ішкі заңдары деп атайды.

Тіл дамуының жеке заңын оның барлық саласынан, атап айтқанда: лексикасынан да, грамматикасынан да, фонетикасынан да табуға болады. Мысалы, үндестік (сингармонизм) заңы бүкіл түркі тілдерінің фонетикасына ортақ. Бірақ үндестіктің түрлері әрбір түркі тілдерінде әртүрлі. Айталық, ерін үндестігі (мысалы: құлұн, бұрұм, бөтелкө т.б.). Қазақ, қарақалпақ тілдеріне қарағанда, алтай, қырғыз тілдерінде әлдеқайда басым дамыған.

Тілдің фонетикасында, лексикасында, грамматикасында әртүрлі өзгерістер жасалып, тіл ұдайы даму күйінде болады. Мысалы, лексикологияда кейбір ескірген сөздер шығып қалып, оның есесіне көптеген

жаңа сөздер қосылып отырады немесе сөздердің мағыналары өзгеріп жатады; шет тілден сөз ауысып келуі де мүмкін.

Грамматикада да сондай. Лексикаға қарағанда баяу болса да, тілдің грамматика саласында да өзгерістер болып, оның грамматикалық құрылысы жетіліп отырады. Мысалыға, босқа, зорға деген үстеулер есім сөздерге барыс септігінің қосылуынан жасалған. Сондай-ақ, қабаған, тебеген тәрізді етістіктер қазіргі кезде сын есімдер болып саналады.

Өзгеру мен дамудың барысында дербес сөздердің көмекші сөздерге, ал көмекші сөздердің аффикстерге айналуы- әрбір тілдің тарихында кездесе беретін құбылыс. Бұл ретте бара дұр, жүре дұр тіркестерінен барады, жүреді формаларының, бара тұрған, келе тұрған тіркестерінен баратын, келетін есімше формалары мен жасалуын мысалға келтіруге болады.

Тілдің даму барысында кейбір аффикстердің ықшамдалғанын байқаймыз. Мысалы: айтқанмын>айтқам, айтамын>айтам, барғанмын>барғам, барамын>барам т.б. Осылайша ықшамдалу сөз тіркестерінде де болады. Олар келе-келе бір-бірімен бірігіп, содан кейін кірігіп, бір сөзге айналып кетеді. Мысалы: бұл күн>бүгін, бұл йыл/жыл>биыл, алып бер>әпер.

Қазіргі қазақ тілінде баяндауышы жатыс жаоғаулы тұйық етістіктен жасалған сөйлем түрлері бар. Мысалы: ауыл шаруашылығы жекешелендірілуде. Бірінші семестр өтуде. Мұндай сөйлемдер бұрын болмайтын болса, жекешелендіріл+іп жатыр, бірінші семестр өт+іп жатыр болып келетін. Жоғарыдай баяндауыш формасы кейінгі кезде жасалып қалыптасқан.

Жай сөйлемнің инверсиялы түрі де кейінгі кездің жаңалығы. Мысалы: сөйлеп тұрған Алматы. Берілді осы анықтама (справка) т.б.

Тілдерде неге мұндай өзгерістер болады?

Оның себептері көп. Солардың бірі – тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасы, өзара әсері.

Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын және оның өзгеруі мен дамуын зерттейді. Әрине, бұл екеуі бір нәрсе емес. Тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын, құрылымын, жүйесін зерттеуді синхрондық тіл білімі, ал тілдің тарихи өзгеруі мен дамуын зерттеуді-диахрондық тіл білімі деп атайды. Басқаша айтқанда, тіл өмір сүріп иұрған кезіндегі қалпына сипаттама беру арқылы зерттесе, оны сипаттама немесе статикалық(синхрондық) тіл білімі деп ,ал тіл шығуы, өзгеруі және дамуы тұрғысынан зерттелсе, оны тарихи (диахрондық) тіл білімі деп атауға болады.

Жоғарыда аталған синхрония деген термин тілдегі құбылыстардың белгілі бір дәуірдегі қалпын, яғни Ф.де Соссюрдің сөзімен айтқанда, оның «бір мезгілдік» күйін қарастыру дегенді білдірсе, диахрония деген әртүрлі кезде бірінен кейін бірі болатын тілдік құбылыстарды қарастыру білдіреді. Синхрония бойынша бір мезгілде қатар өмір сүріп тұрған тілдік құбылыстардың арасындағы қатынастар қарастырылады да, диахрония бойынша әлгі тілдік құбылыстардың тарих (уақыт) бойындағы өзгерістері қарастырылады. Ф.де Соссюр синхронияны жүйемен байланыстырса, диахронияны жүйеден тыс деп біледі. Оның пікірінше, синхрондық тіл білімі тілді жүйелі құбылыс ретінде, яғни тілдегі құбылыстарды бір-бірімен байланысында, бірақ дамудан тыс қарастырғаны жөн екен, ал диахрондық тіл білімі тілдегі құбылыстарды даму тұрғысында ,бірақ өзара байланыстан тыс, яғни тілдік элементтерді бір-бірінен ажыратып, бөлек зерттегені орынды сияқты.

Сайып келгенде, бұл синхрония мен диахронияны бір-біріне қарама-қарсы қою деген сөз. Әрине, пікір дұрыс болып табылмайды. Өйткені диалектикалық материализм әрбір құбылысты шығуы мен дамуы және басқа құбылыстармен байланысында зерттегенде ғана оның табиғатын жете түсінуге болады деп үйретеді.

Олай болса, тілді зерттегенде ондағы құбылыстарды синхрониялық тұрғыдан да, диахрониялық тұрғыдан да, сипаттамалы тұрғыдан да қалыптастыру дұрыс және ол өте –мөте қажет. Себебі тілді ғылыми

тұрғыдан да зерттеудің мәні өте зор. Мұндай екі жақты зерттеу болмаған жерде тіл білімінің толық мағынасында ғылым болуы мүмкін емес. Мысалы, қазақ тіліндегі сарғай деген етістіктің құрамына талдау жасау қажет болды делік. Ол үшін мәселеге алдымен тарихи тұрғыдан қарау керек. Егер оған тарихи тұрғыдан келсек, бұл сөздің түбірін-сары, қосымшасын-ғай деуге болмайды. Оның түбірі-сары емес, сарығ. Ал жұрнағы-ғай емес, -ай (азай, көбей дегендердегі -ай,-ей).

Бұдан шығатын қорытынды: тілдің жүйесі (синхрония) оның дамуына (диахрония) телулі, яғни тіл жүйесі әрқашан оның тарихымен байланыста болады. Ендеше, тілдің жүйесін түсіну үшін тіл тарихының маңызы зор екен. Керісінше, тілдің дамуын жақсы ұғыну үшін, оның жүйелілік қасиетімен есептеспеске болмайды. Тілдегі болып жатқан өзгерістер мен дамулар оның жүйесін өзгертпейді, тек ондағы (тіл жүйесіндегі) қатынастардың түрін ғана ауыстыруы мүмкін.

Сонымен, тіл, тілдік құрылым, тілдік жүйе, уақыт озған сайын дамып, жетіліп отырады. Сондықтан да, оны зерттегенде оған тек тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан (статикалық тұрғыдан) қарау жеткіліксіз. Бұған қоса тілге оның шығу тегі, дамуы тұрғысынан да (динамикалық тұрғыдан) қарау қажет. Демек, тілді зерттеуде ғылымдардың, біріншіден, оны құрастырушы элементтердің байланысы тұрғысынан, екіншіден, олардың шығуы, тарихи дамуы, өзгеруі тұрғысынан қарастырғаны жөн.

Тілдердің өзара әсері екі түрлі жолмен болады. Бір жолы-тоғысу түрінде, екінші жолы - тілдік элементтердің (дыбыстардың морфемалардың, сөздердің, сөйлем құрылысының) енуі түрінде.

Тілдердің тоғысуы (этникалық топтардың бірігуі) процесінде субстрат, суперстрат, адстрат деп аталатын құбылыстар пайда болады. Субстраттардың нәтижесінде жеңген тіл жеңілген тілден сөздер мен жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды қабылдайды. Яғни, субстрат дегеніміз- жеңілген тілдің жеңген тілдегі элементтері. Мысалы, қазіргі Франция жерінде ертеде келт (галль) деген халық тұрған. Оларды римдіктер (француздар мен испандар) жаулап

алды да, ол халықтың тілі жойылды. Бірақ қазіргі француз, испан тілдерінде сол жойылған келт тілдерінің кейбір элементтері сақталған. Келт субстраты дегеніміз - француз, испан тілдеріндегі сол қалдық элементтер (Мысалы, француз тіліндегі И дыбысы). **Суперстрат** дегеніміз - жоғарғыға керісінше: жеңген халықтың жеңілген халық тіліне қалдырған ізі, әсері. Ал адстрат дегеніміз –жарыса қатар өмір сүретін тілдік элементтер.

Енді тілдердің өзара әсері нәтижесінде тілдік элементтердің енуіне (яғни екінші жолға) келелік

Удмурттар (фин-угор тобына жатады) мен татарлар (түркі тобына жатады) баяғыдан қоныстас, көршілес өмір сүріп келеді.

Сондықтан олардың тілі бір-біріне әсер еткен. Татар тілінде дж дыбысы удиурт тіліне ауысқан. Бұл дыбыс удмурт сияқты басқа фин-угор тілдерінде жоқ.

Басқа түркі тілдерінде ұяңнан басталатын сөздер чуваш тілінде қатаңнан басталады. Мысалы : бас-пус, бар-пур, дауыл-тавил. Неге !

Сөйтсек, ол көрші жатқан марий тілінің әсері екен. Ол тілде дауыссыздан басталатын сөздердің басқы дыбысы әр уақыт қатаңнан басталады.

Сондай-ақ, чуваш тілі марий тілінен көптік мағынаны білдіретін -сем деген аффиксті қабылдаған. Мысалы чуваш тілінде ял-«ауыл»-ял+сем «ауылдар». Бұл қосымша басқа түркі тілдерінде жоқ .

Керісінше, марий тілі чуваш тілінен сын есімнің салыстырмалы шырайының -рақ жұрнағын қабылдаған. Мысалы: марий тілінде *сай* «жақсы» - *сай+рак* «жақсы+рақ».

Тілдердің өзара әсері лексика саласында жиі ұшырасады. Мысалы, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де араб-парсы және орыс тілдерінен енген көптеген сөздер бар.

Әдетте, тілдің фонетикасы мбен грамматикасы тұрақты болады. Жиірек өзгертіні, ауысатыны - лексика саласы. Егер бір тілден екінші тілге дыбыс не қосымша ене қалса, олар көп жағдайда сөздермен бірге, сөздердің құрамында ғана ене алады. Мысалға, қазақ тіліне. орыс тілінен ауысқан 12

әріпті (дыбысты) келтіруге болады. Ол 12 дыбыс қазақ тілінің байырғы төл сездерінде қолданылмайды, тек орыс сездерінде ғана қолданылады. Сондай-ақ, тіліміздегі *арызқор, арбақеш, өнерпаз* деген сездердегі *-қор, -кеш, -паз* жұрнақтары мен *бейбақ, бейхабар, бимағлұм* деген сездердегі *-бей, -би* перефикстері де түбір сөздермен бірге келген қосымшалар.

Бір тілдің екінші тілге әсері морфологиядан гөрі синтаксисте көбірек аңғарылады. Бұған орыс тіліндегі үлгі бойынша қазақ тілінде оңашаланған айқындауыш мүшелі сөйлемдердің немесе әр түрлі қыстырма сөздері бар сөйлемдердің қатысуын мысалға келтіре аламыз. Мысалы: Тоғжанға Абай тағы бір рет, соңғы рет қарады. (М.Әуезов).

Қорыта келгенде тіл де дамиды. Бірақ оның өз даму жолдары бар. Лингвист болғысы келген адам алдымен тілдік заңдарды біліп алғаны жөн.

Тілдердің қатар өмір сүруі.

Тілдердің қатар өмір сүруі дегеніміз - аралас, көршілес жатқан тілдердің ұзақ замандар бойы бір -біріне біріне үнемі, тұрақты түрде әсер етуі, ықпал етуі. Сондай қарым -қатынас нәтижесінде ондай тілдердің дамуында, олардың жалпы құрылымында ортақ жайлар пайда болады. Мұндай жағдайда белгілі бір лингвистикалық бірліктер пайда болады. Ондай тілдер «туысқан тілдер» немесе «тілдер одағы» сияқты болып кетеді.

Қазақ және орыс тілдері - әр түрлі семьяға жататын тілдер. Солай бола тұра, ежелден бері көрші отырғандықтан, көптен бері қарым-қатынасқа түскендіктен және бүгінде де қоян- қолтық, бауырмалдық қалыпта тату-тәтті қатар өмір сүріп отырғандықтан, бұл тілдердің де бір-біріне әсері айтарлықтай. Әсіресе, қазақ тілінің дамуына орыс тілінің игілікті әсері аса мол. Бұл әсер алдымен лексикадан көрінеді. Бұл әсер, сондай-ақ фонетика саласында (мәселен, ч, ц, щ, в, ф, я, ю) дыбыстары мен әріптерінің қазақ тіліне ауысуы т.б.) да көрінеді.

Тілдердің араласуы дегеніміз - белгілі бір тарихи кезеңде екі тілдің

қарым-қатынасқа түсіп, бір-біріне әсер етуі де, кейінненІ бір-бірінен қайта ажырасып, әрқайсысының өз даму жолына түсуі, өз бетімен өркендеуі.

Мәселен, VII-XII ғасырларда араб халифаты болды. Арабтар маңайындағы елдердің бірсыпырасын жаулап алды. Бұл кезде, бес ғасырдай уақыт ішінде, араб және парсы тілдері айтарлықтай дәрежеде араласты. Араб тілі элементтері парсы тіліне көптеп енді. Бұл екі тілдің қарым-қатынасы олардың екеуінің де (араб және парсы тілдерінің) лексикасында айтарлықтай із қалдырды.

Тілдердің араласуы

Тілдердің араласу қарым-қатынасы, әсіресе, олардың лексикасынан айқын көрінеді. Сондай тілдердің бірі - қытай және корей, герман тілдері т. б. Зерттеушілердің айтуынша, корей тілі лексикасының 75 проценттейі - қытай сөздері; ағылшын лексикасының 60- 70 проценттейі -латын сөздері (бұлар үш кезеңде енген болатын); бұдан тыс, бұған қоса, дат тілінің жүздеген сөзін ағылшын тілі өзіне үйлестіріп қабылдап алған; түркі тілінен болгар тіліне, одан болгар тілі арқылы кейбір славян тілдеріне бірсыдырғы жеке сөздер ауысқан.

Тілдердің тоғысуы

Тілдердің тоғысуы дегеніміз - екі тілдің қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде бір-бірімен әбден сіңісіп кетуі. Тілдердің тоғысуы этникалық топтардың, тайпалардың араласып -құраласып кетуіне, сондай-ақ бір халықтың екінші бір халықты жеңіп,бағындырып, өзіне қаратып алуына байланысты болады.Тілдердің тоғысуы туыстас халықтар тілдері арасында да, туыстыры жок, тілдері о бастап-ақ бөлек - бөлек халықтар арасында да болуы мүмкін; саны жағынан көп халық аз халықты өзіне қаратып, қосып алуы да мүмкін.

Тілдердің тоғысуы - ұзақ және өте күрделі процесс. Екі тіл тоғысқанда, ол тілдердің құрылымы тоғысады; бірінің құрылымы бірте-бірте жойылып, жоғала бастайды.Бірақ соның өзінде жойылған тіл өзін жойған тілде азды-көпті дәрежеде із қалдырады. Тілдер тоғысқанда, көп уақыт бойы оларды

қолданған халықтарда екітілділік қалып сақталуы мүмкін.

Қысқасы, екі тіл тоғысқанда, бірі жеңіп, бірі жеңіледі, яғни жеңген тіл, жеңілген тіл пайда болады. Осыған орай, лингвистикада үш түрлі термин қолданылады: адстрат, субстрат, суперстрат.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Тіл қандай құбылыс?
2. Тілдердің өзара әсері қандай жолдармен жүзеге асады?
3. Субстрат, суперстрат, интерстрат, адстрат құбылыстары жайлы не түсіндің?
4. Тілдердің қарым-қатынасы және өзара әсері дегенде не түсінесің?
5. Тілдердің қатар өмір сүруіне мысалдар келтір.
6. Тілдердің араласуы дегенде не түсінесің?
7. Тілдердің тоғысуы жайлы не түсіндің?

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1993.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. А., 1996.
3. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминдері. А., 1997.
4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А., 1996.

3-тақырып. Лексикология, оның түрлері мен салалары.

Жоспары:

1. Лексикология, оның салалары.
2. Лексикология және оның грамматикамен байланысы
3. Сөз және оған тән басты белгілер.
4. Сөздердің типтері мен варианттары.
5. Полисемия және сөздің лексикалық мағыналарының түрлері.
6. Сөз мағынасының өзгеру себептері. Ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдері.
7. Омоним, антоним, синоним.

Тірек ұғымдар: лексикология, дактиология, коммуникативтік, полисемия, ономастика, антропонимика, синоним, антоним, омофон, омограф.



Лексикология сөзді және сөздердің жиынтығы – тілдің сөздік құрамын (лексикасын) зерттейді. Сөз лексикология да лексикалық единица ретінде қарастырылады. Лексикалық единицалардың (сөздердің) жиынтығынан тілдің сөздік құрамы (лексикасы) құралады. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер қаншама көп және алуан түрлі болғанмен, олар бір – бірімен байланысты, өз ара шарттас элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді және дамиды. Осыған орай, лексикологияда тілдің сөздік құрамы лексикалық жүйе

ретінде құралады да, сөз тілдің лексикалық жүйесінің элементі ретінде қаралады.

Қатынас құралы ретіндегі тілдік сөздік құрамына және лексикалық единица ретіндегі сөздің табиғатына қатысты жалпы лингвистикалық проблемалар бар. Олардың қатарына тілдің лексика – семантикалық жүйесі туралы мәселе, тілдік единицалардың ішінде сөздің алатын орны, сөзге тән басты белгілер, сөз бен ұғымның ара қатысы, сөздің лексикалық мағыналарының түрлері, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарының ара қатысы мен байланысы және т.б. мәселелер енеді.

Лексикология және оның түрлері. Бұлар лексикология теориясының жалпы проблемалары ретінде жалпы лексикологияда (общая лексикология) қарастырылады. Ал нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда (частная лексикология) қарастырылады. Жалпы лексикология мен жалқы (жеке) лексикология бір – бірімен байланыста болады. Бұлай болатындығы мынадан: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке, нақтылы тілге де тән болады. Мысалы, қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығыуы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы – тіл атаулыға тән жалпы заңдылық. Сондай – ақ, тілдің даму барысында сөз мағынасының өзгеруі, көп мағыналы сөздердің жасалуы және синонимдік қатарлардың пайда болуы- осылардың бәрі тілдердің барлығында да бар. қатынас құралы, қоғамдық құбылыс ретіндегі тіл атаулыға тән жалпы құбылыстар мен заңдылықтар дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысында (нақты, жеке тілдерде) түрліше (өзіндік ерекшелігімен) көрінуі мүмкін. Мысалы, дүние жүзіндегі тілдердің бәрінде де туынды сөздер сөз тудырудың бір тәсілі – сөздерді біріктіру тәсілі. Сөз тудырудың біріктіру тәсілі әр түрлі тілдерде түрліше дәрежеде көрінуі және әрекет етуі мүмкін. Бұл тәсіл, мысалы, басқа тілдерге қарағанда, көбінесе неміс тіліне тән және неміс тілі үшін ең өнімді тәсіл болып саналады. Осыған орай, неміс тілінде біріккен

сөздер өте жиі ұшырасады. Сөздердің қосарлану тәсілі түрлі тілдерде бар, әсіресе ол түркі тілдеріне өте – мөте тән. Осыған орай, басқа тілдерге қарағанда, қос сөздер түркі тілдерінің лексикасында анағұрлым мол. Омонимдер және олардың фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде, түбірге омонимдес аффикстердің жалғануы немесе сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде жасалуы түрлі тілдерде кездесе береді. Аталған тәсілдердің ішінде аффикстердің жалғануы арқылы туынды омонимдердің жасалуы әсіресе орыс тіліне өте – мөте тән болып саналады. Орыс тілінде, осыған орай, түбір омонимдерге қарағанда, туынды омонимдер анағұрлым жиі ұшырасады. Бұл айтылғандар тілдің лексикасын сипаттайтын құбылыстар мен жалпы заңдылықтар нақтылы, жеке тілдерде олардың (тілдердің) өзіндік ерекшеліктеріне орайласып, түрліше көрініс табатындығын аңғартады.

Жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстар мен жалпылама заңдылықтар мен ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылса, лексикалық құбылыстар мен жалпы заңдылықтардың жеке, нақтылы тілдердің лексикасына икемделіп көрініс табуы және әрбір тілдің сөздік құрамы мен оның дамуы, өзіндік ерекшеліктері жалпы лексикологияда (жеке, нақтылы тілдің лексикологиясында) қарастырылады, әрбір тілдің лексикологиясы (жеке лексикология) жалпы лексикологияның жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де, нақты бір тіл лексикасын зерттейді.

Лексикология тарихы мен салалары. Жеке лексикология белгілі бір тілдің сөздік құрамын шығуы мен тарих бойында дамуы тұрғысынан немесе тілдің сөздік құрамын сол тілдің белгілі бір дәуірдегі, мысалы, қазіргі дәуірдегі қалпы тұрғысынан қарауы мүмкін. Осыған орай, лексикология тарихи (диахроникалық) лексикология және сипаттама (синхрониялық) лексикология болып бөлінеді. Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы шығуы, замандар бойында қалыптасуы және дамуы, лексиканы құрастырушы арналар және олардың тарихы тұрғысынан зерттелінеді. Ал сипаттама немесе синхрониялық лексикологияда, (мысалы “қазіргі орыс тілі, ағылшын тілі”,

“қазіргі қазақ тілі”) атты пәндердің лексикология бөлімдерінде, аталған тілдердің (орыс, ағылшын, қазақ тілдерінің), лексикасының осы заманғы қалпы, сөздің, мағыналық құрылымы, лексиканы құрастырушы арналар мен қат – қатар, сөздердің активті және пассивті топтары, сөздік құрамның даму жолдары, лексиканың стилистикалық жақтан дифференциалануы, сөздердің қолданылу аясы, мағыналардың, қарым қатынасына қарай сөздердің топтасуы (синонимдер, омонимдер, антонимдер) және т.б. мәселелер қарастырылады. Қазіргі тілдің сөздік құрамы бір – бірімен байланысты өз ара байланысты элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді және уақыт бойында толығы, даму күйінде болады. Демек, синхрониялық лексикологияда тілдің сөздік құрамы өз ара байланысты элементтердің лексикалық жүйесі тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге дамуы тұрғысынан да қалуы керек. Осыған орай, сипаттама (синхрониялық) лексикологияда, қажет болған жағдайда, тарихи мәліметтер мен түсініктер де беріледі. Мұндай тарихи мәліметтер мен түсініктер қазіргі тілдегі лексикалық құбылыстардың табиғатын жете түсінуге көмектеседі. Историзм принципі диахрониялық лингвистика үшін ғана емес (бұл өзінен - өзі түсінікті аксиома), синхрониялық лингвистика және оның барлық салалары, соның ішінде сипаттама (синхрониялық) лексикология үшін де өте – мөте қажет. Сипаттама лексикология тарихи лексикологияны, әрине, ауыстыра алмайды және бұлай болуға тиісті де емес. Бұл жерде әңгіме сипаттама лексикологияда тілдің сөздік құрамының қазіргі қалпын және даму сипатын ғылыми тұрғыдан ашып айқындауда қажетінше тарихи деректерге сүйенудің маңызы жайында болып отыр.

Тарихи лексикологияның бір саласы – этимология. Этимология сөздердің шығу тегін зерттеп, олардың ең алғашқы мағынасын қандай болғандығын айқындайды. Этимологиялық зерттеулердің жеке сөздердің шығу тегін ғана емес, сонымен бірге жалпы тілдің тарихын танып білуде маңызы өте – мөте күшті.

Тілдің тарихы мен ондағы сөздердің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты болады. Осыған орай, сөздердің шығу төркіні жайындағы этимологиялық зерттеулер тарихи және этиногенетикалық мәселелерді қарастырып шешуде де айрықша маңызға ие болады. Сөздер бір тілден басқа бір тілге ауысып еруге икем келеді. Этимологиялық зерттеулер белгілі бір тілдің лексикасына ерте замандарда енген кірме сөздерді⁹ ену тарихы мен оның жолдарын да қарастырады. Көне замандарда бір тілден екінші тілге еніп, әбден қалыптасып кеткен кірме сөздер бойынша әр түрлі халықтардың ерте дәуірлерде бір – бірімен жасаған қарым – қатынастарының түрлерін айқындауға болады. Сөздердің өзгеріп даму тарихынан, әсіресе олардың мағыналық жақтан даму тарихынан, адам ойлауының табиғат құбылыстары мен қоғам құбылыстарын ғасырлар бойында танып білуге ұмтылып күш салуының тарихы көрінеді. Осыдан этимологиялық зерттеулердің екі түрлі проблемаға қатысы келіп туады: оның бірі – тіл мен тарих проблемасы, екіншісі - тіл мен ойлау – проблемасы.

Лексикологияның енді бір саласы – салыстырмалы лексикология туыстас тілдердің сөздік құрамын, ондағы сан алуан сөздерді бір – бірімен салыстыра отырып зерттейді. Салыстырмалы лексикология туыстас тілдердің лексикасын салыстырып қана қоймайды, оларды тарихи даму, өзгеру тұрғысынан қарастырады. Сондықтан ол, әдетте, салыстырмалы – тарихи лексикология деп аталады. Салыстырмалы – тарихи лексикологияның маңызы мынада: тілдің ерте кездегі шағын сөздік қоры талай замандар бойында, біріншіден, талай өзгерістерге ұшыраса, екіншіден, әрбір, өсіп сан мыңдаған сөздер қосылып, бұл күнде оның аумағы да, арнасы да кеңілді. Қазіргі тілдердің лексикалық байлығы дамудың барысында замандар бойында қор жинау жолымен жасалды. Тілдің лексикасының замандар бойында қалыптасып жасалуының заңдылықтарын және оның тарихын танып білу туыстас тілдердің сөздік құрамын тарихи тұрғыдан қарастырып, бір – бірімен салыстыра зерттегенде ғана мүмкін болмақ. Салыстырмалы – тарихи зерттеусіз ғылыми зерттеудің де, ғылыми – теориялық топшылардың

да болуы, әрине, мүмкін емес. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, салыстырмалы – тарихи лексикологияның туыстас тілдерінің сөздік құрамының тарихына қатысты жалқы, нақтылы мәселелерді де танып білуде және оларды айқындауда маңызы айрықша зор.

Тілдің лексикасындағы әрбір сөзде белгілі бір мағына бар. Сөздердің мағыналық жақтары семасиологияда қарастырылады. Семасиология сөздердің мағыналарын және ол мағыналардың өзгерілу жолдарын семантикалық заңдарды зерттейтін арнаулы бір сала болып саналады. Семасиология – лексикологияның ең басты және маңызды саласы, өйткені оның (семасиологияның) зерттейтін мәселесі – мағынаны әрбір сөздің “жаны” десе болады. Семасиологияның лексикографиялық жұмыста да (сөздіктер жасау жұмысы) маңызы айрықша. Сөздіктерде, әдетте, сөздің мағыналық жақтары талданады. Семасиологиялық зерттеулердің, топшылаулары мен қорытындылары сөздік жасау жұмысын ғылыми және практикалық тұрғыдан дұрыс жолға қоюға көмектесіп, бағыт – бағдар сілтейді.

Лексикологияның семасиология тарауымен тығыз байланысты бір саласы – ономосиология деп аталады. Семасиология сөздің, мағыналарын, семантикалық заңдарды зерттесе ономосиология зат немесе құбылыс ұғымының белгілі бір сөзбен атауының себебі неліктен екендігін қарастырады. Анығырақ айтқанда, сөз семасиологиялық тұрғыдан қарастырылғанда, оның мағыналық жағына назар аударылады да, ономосиологиялық тұрғыдан қарастырылғанда, ұғымның сөзбен аталу, белгілену жағына назар аударылады. Сонымен, ономосиология заттар мен құбылыстардың аталуы, белгіленуі туралы ілім дегенді білдіреді.

Ономосиологияның диалектологияға да қатысы бар. Ономосиологияның диалектологияға қатысы әсіресе лингвистикалық географиядан айқын аңғарылады. Әр түрлі тілдегі диалектологиялық атластарының лексикологиялық картасы ономосиологиялық негізге сүйеніп

жасалады да, бір заттың немесе құбылыстың, диалектілердегі әр түрлі атауларының таралу шегі көрсетіледі.

Ономосиологияның айрықша бір саласы – ономастика жалқы есімдерді зерттейді. Ономастика өз ішінде екі салаға бөлінеді: оның бірі – антропонимика кісі аттарын зерттеу объектісі етіп алса, екіншісі – топонимика, географиялық атауларды зерттеу объектісі етіп қарастырады.

Лексикология сөздерді тілдің сөздік құрамын құрастыратын единицалар, яғни лексикалық единицалар ретінде қарастырады. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жеке сөздер мен ғана емес, тұрақты сөз тіркестерімен де аталады. Тіл – тілдің лексикасында жеке сөздердің айрықша синонимі ретінде қолданылатын тұрақты сөз тіркестері жиі ұшырасады. Олар сөздердің тіркесі болғанмен, мағынасы жағынан жеке сөздер мен барабар келіп, бір бүтін лексикалық единица (сөз) тәрізді қызмет атқарады. Осымен байланысты лексикологияда мағынасы жағынан дара сөздермен сәйкес келетін фразеологиялық сөз тіркестері де қарастырылады, мысалы, жүрегі тас төбесіне шығу (қорқу), қас пен көздің арасында, қас қаққанша, ауызды ашып жұмғанша (лезде), қаны қайнау (ашулану), мойны жар бермеу (еріну), тайға таңба басқандай (ашық-айқын), он саусағынан өнері тамған немесе түйін түйген (өте шебер), ит арқасы қиянда (алыста), үріп ауызға салғандай (сүйкімді), қой аузынан шөп алмас (момын), сақалын сипап қалу немесе санын соғып қалу (өкіну), жүрегі жарылу, төбесі көкке жету (қуану) деген фразеологиялық сөз тіркестері әбден лексикаланған да (лексикализированные), мағынасы жағынан бір сөз тәрізді болып кеткен. Осылар тәріздес сан алуан фразеологиялық сөз тіркестерін зерттейтін лексикологияның арнаулы бір саласы фразеология деп аталады. Фразеология тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын және жасалу жолдарын қарастырады.

Тілдің әр түрлі жақтары (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық), бір-бірімен өз ара қарым-қатынаста, байланыста болатыны сияқты, оларды зерттейтін тіл білімінің де әр түрлі салалары бір-бірімен өз

ара әрдайым байланыста болады. Мысалы, лексикологияның тіл білімінің арнаулы бір саласы ретінде фонетика және грамматикамен мынадай байланысы бар: тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады (жалғыз дыбыспен айтылатын сөз, әдетте, тіл-тілде сирек ұшырайды). Дыбыс тіркестері сөздің сыртқы жамылғышы да, сөздің мағынасы оның мазмұны, болып саналады. Қандай бір сөз болсын, дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Сөздің дыбыстық жағын зерттейтін фонетиканың лексикологиямен байланысы да осыдан келіп туады. Тіл-тілде сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі немесе екпінінің ауысып түсуі сөз мағынасына әсер етіп, оны өзгертеді. Туыстас тілдердің лексикасын өз ара салыстыра зерттеу немесе белгілі бір тілдің лексикасын тарихи тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ этимологиялық зерттеулер салыстырмалы – тарихи фонетиканың деректеріне негізделеді. Әрбір тілдегі сөздердің өзінің фонетикалық ерекшеліктері болады. Сөздің басы немесе аяғы фонетикалық белгілермен, мысалы, дыбыстардың кейбіреулерінің жиі немесе сирек қолданылу немесе мүлдем қолданылмау ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, қазақ тілінің төл сөздері **ө** дыбысынан басталмайды және бұл дыбысқа ешбір сөз аяқталмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде г,б,д дыбыстарына бітетін төл сөздер кездеспейді. Төл сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар не бірыңғай жуан дауыстылар, не бірыңғай жіңішке дауыстылар болып келеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында құрамындағы дауыстылар жуан да, жіңішке де болып келетін сөздер кездесе береді, бірақ олардың басым көпшілігі-шет тілдік сөздер. Лексикологиялық зерттеулерде сөздің осындай фонетикалық ерекшеліктері еске алынады.

Лексикология және оның грамматикамен байланысы. Лексикология тіл білімінің әсіресе грамматика саласымен тығыз байланысты. Тілдегі сөздер номинативті (атау) қызметпен бірге грамматикалық қызмет те атқарады. Сөздер жеке-дара күйінде емес, өз ара байланысында қолданылады. Сөздің белгілі бір грамматикалық қызметі оның мағынасына да әсер етеді. Сөздің грамматикалық қызметіне байланысты туған қосымша

мағынасы грамматикалық байланысты мағына (грамматический связанное значение) немесе синтаксистік шартты мағына деп аталады.

Тарихи дамудың, өзгерудің барысында дербес (атауыш) сөздердің (знаменательные слова) көмекші сөздерге айналу құбылысы, соның нәтижесінде олардың грамматикалық қызметінің күшеюі тіл-тілдің бәрінде де кездеседі. Сондай-ақ, көмекшілік қызмет атқаратын сөздердің көмекші морфемаларға, (аффикстерге) айналуы да-тілдердің тарихи даму барысында кездесе беретін құбылыс. Тілдің даму тарихында, бір жағынан, лексикалық единицалардың (сөздердің) грамматикалану (грамматикализация) процесі жүріп жатса, екінші жағынан, сөздердің тіркестерінің бір бүтін лексикалық единицаға (сөзге) айналып, лексикалану (лексикализация) процесі жүріп жатады да, лексикалық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстар астарласып, өзара қарым-қатынаста болып отырады. Мұндай екі жақты байланысты қарастырудың лексикологияға да, грамматикаға да бірдей қатысы бар.

Лексикологияның грамматикамен байланысы әсіресе сөз тудыру (словообразования) тәсілдерінен айқын көрінеді. Сөздің құрамының өзгеріп даму процесі тілдің грамматикалық құрылысының, ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі де, сөз тудырудың грамматикада орнығып қалыптасқан тәсілдері арқылы іске асады. Анығырақ айтқанда сөздердің грамматикалық формаларын тудыру үшін қандай тәсілдер қолданылса, туынды жаңа сөздердің жасалуына да сондай тәсілдер қолданылады. Мысалы, сөздердің бірігуі, қосарлануы, аффикстердің жалғануы форма тудыратын грамматикалық тәсілдер ретінде де, туынды жаңа сөз жасайтын тәсілдер ретінде де қызмет атқарады.

Грамматикалық құбылыстардың лексикалық құбылыстарға ауысып, олармен қабаттасып жатуы мынадай жайлардан да көрінеді: алғашында грамматикалық мағынаны білдіру үшін қолданылған форма бара-бара бұл қызметінен ажырайды да, сөздің бойында жаңа лексикалық мағынаның тууына, осының нәтижесінде жаңа лексикалық единицаның (сөздің)

жасалуына себепші болады. Мысалы, ағылшын тілінде төмендегі есімдер көптік форманың негізінде жаңа лексикалық мағынаға ие болып, туынды сөзге айналған: arm-“қол”, arms-“қару” (оружие); authority – “бедел” (авторитет), authorities –«өкімет, әкімшілік” (власти); board-“тақта” (доска), boards- “төсеніш, тақта” (подмости), сахна”; boot-“етік ”, boots “көзқарас”, looks-“сыртқы бейне” (внешность); manner-“картина”, pictures-“кино”; work-“жұмыс”, works-“завод”.

Қазіргі қазақ, тіліндегі кейбір үстеулердің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан алғанда, алғашында жалғаулар болғанмен, қазірде олар сөздің түбінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп кеткен; осы құбылыстың нәтижесінде туынды үстеулер жасалған. Мысалы, зорға, босқа, текке, бекерге, жатқа бірге, кешке деген үстеулер барыс септік жалғауының көнеленіп лексикалануынан жасалған. Шығыс септік жалғауы мен көмектес септік жалғауының грамматикалық қызметтерінен айрылып, олардың лексикалануынан мынадай үстеу сөздер пайда болған: 1) жүрісінен, етпетінен, шалқасынан, төтеден, кеңінен, қырынан, келтесінен, ежелден, кенеттен, тосыннан; 2) шынымен, жайымен, ретімен т.б.

Сонымен, тілдің даму барысында лексикалық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстар өз ара қарым-қатынаста болып, бір-біріне әсерін тигізеді, бірі екіншісіне іліктесіп, өз ара астарласып жатады. Осыған сай, тіл білімінің лексикология мен грамматика салалары да өз ара байланыста болады.

Алайда, тіл білімінің әр түрлі салаларының өз ара байланыста, қарым-қатынаста болуы ол салалардың дербестігін жоққа шығармайды. Тіл білімінің әр түрлі салалары бір-бірімен байланыста бола отырып, өздерінің дербестігін, даралық қасиетін сақтайды. Олардың әрқайсысының өзінің зерттеу объектісі бар. Лексикологияның ең басты зерттеу объектісі – сөз дедік. Сөз грамматикада да қарастырылып зерттеледі. Бірақ лексикология мен грамматиканың, әрқайсысы сөзді әр басқа тұрғыдан алып қарастырады, түрліше талдау жасайды. Мысалы, көр, әлеумет деген сөздердің грамматика

үшін басты жақтары мыналар: көр сөзі – етістік, оның ішінде сабақты етістік, бұйрық райда; кейде көмекші етістік қызметінде де жұмсалады (айтып көр, жазып көр); әлеумет – зат есім, жалпы есім, атау тұлғада, зат есімнің жекеше түрі, көптік жалғаусыз да көптік ұғымды білдіре алады. Ал лексикология бұл сөздерді тіптен басқаша жақтан қарастырады. Лексикология үшін аталған сөздердің басты жақтары мыналар: көр сөзі белгілі дәрежеде қара, байқа сөздерімен синонимдес болады да, зат есім мағынасындағы көр сөзімен омонимдес болады. Бұл сөз (етістік мағынасындағы көр) – шығу тегі жағынан қазақ тілінің төл сөзі. Әлеумет сөзі халайық, жұртшылық, көпшілік, халық, ел деген сөздермен синонимдес болады. қолданылу жағынан алғанда, көтеріңкі поэтикалық стильге тән сөз болып табылады.

Қорыта айтқанда, тіл білімінің лексикология саласы сөзді, біріншіден – мағынасы жағынан, екіншіден – шығу тегі жағынан, үшіншіден – қарым – қатынас жасауда қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден – эксцерссивті – стильдік сипаты мен қызметі жағынан қарастырып зерттейді. Демек, лексикология сөзді тілдің лексикалық единицасы ретінде қарастыра отырып, оны жан – жақты қамтиды. Сонымен, лексикология тілдегі сөздер мен барлық сөздердің жиынтығы – сөздік құрам туралы, оның, жасалып қалыптасуы және дамуы туралы ғылым болып саналады.

Антонимдер. Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер **антонимдер** деп аталады. Мысалы: ескі - жаңа, ауыр - жеңіл, бар - жоқ, арзан - қымбат, ашық – жабық, ыстық - суық, өмір - өлім, алғыс - қарғыс, жастық – кәрілік, ащы - тұщы т.б.

Сөздердің бәрі бірдей өз ара синонимдес бола бермейтіні тәрізді кез келген сөз өз ара антонимдес бола бермейді. Мысалы, *киім, дәптер, қарлығаш* деген сөздерге қарсы мәнделес сөздердің (антонимдердің) табылуы сөздер немесе сапалық белгісі бар сөздер өз ара бір-бірімен антонимдес болып келеді. Мысалы, әдетте *ащы* деген сапалық белгіге *тұщы* деген сапалық белгі қарсы қойылып айтылады.

Антонимия құбылысы көбінесе сапалық ұғымдармен шектелгендіктен, оның тіл-тілде синонимия, полисемия құбылысына қарағанда, өрісі тар болады. Анығырақ айтқанда, синонимдес сөздер мен полисематизмді сөздер сөздердің, тіл-тілде жиі ұшырасатын болса, антонимдер көбінесе сөздердің белгілі бір тобына тән құбылыс болуына байланысты, синонимдер мен полисемантизмді сөздерге қарағанда, әлдеқайда сирек ұшырасады.

Антонимдес болатын сөздерді ә басым көпшілігі сын есімдер. Мысалы: *кәрі-жас, дұрыс-бұрыс, тұзу-қисық, терең-саяз, адал - арам, оң-теріс, үлкен-кіші, ірі-уақ, арық-семіз, жуан-жіңішке, ыстық-суық, қалың-жұқа, жақсы-жаман, кең-тар, аш-тоқ, оңай-қиын, араз-тату т.б.*

Зат есімдерден антоним болатындар бірен-саран ғана. Соның өзінде олардың мағынасынан сапалық белгінің нышаны аңарылады. Мысалы: *өтірік-шын, пайда-зиян, бақ-сор, бай-кедей.*

Бұл тілде антонимдес болған бір тектес ұғымды білдіретін сөздер екінші тілде антонимдес болмауы мүмкін. Мұндай құбылысты туыстас тілдердің өзінен де байқауға болады. Мысалы: түрікмен тілінде *ұлы-кичи* (ұлы-кіші) деген сөздер бір-бірімен антонимдес сөздер. Ал қазақ тілінде *кіші* деген сөз ұлы деген сөзге антонимдес бола алмайды, оның (кіші) антонимі үлкен. Сондай-ақ, түрікмен тілінде *бейик (биік)* деген сөздің антонимі *пес (пәс)*, қазақ тілінде бұл сөздің (*биік*) антонимі аласа. Бұның себебі бір ұғымды білдіретін сөздің мағынасы әрбір тілде, тіпті туыстас тілдердің өзінде, бір-біріне көп жағдайда тепе-тең бола бермейтіндігінен.

Омонимдер. Тіл-тілдің лексикасында дыбысталу бірдей де, мағынасы әр басқа сөздер бар. Мысалы: *біз*. I. Мен деген жіктеу есімдігінің көпше түрі (Мысалы: *Той тойласақ, біз тойлайық аясында алтын танңың*); *біз*. II. Бір нәрсені тесіп, жіпті немесе тарамысты өткізу үшін жасалған үшкір құрал (мысалы: *өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас.* (Абай).).

Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер омонимдер деп аталады.

Оминимдер әр түрлі тілдерде бар. Мысалы, түркмен тілінде: бағ - “бақ, бау - бақша”. Орыс тілінде мынадай омонимдер бар: лук I - “пияз”, лук II - “садақ, жақ”; град I (город деген сөздің варианты) - “қала”, “град II - бұршақ”; брак I - “неке”, брак II - “ақау, жарамсыз, бөлінген”; ударник I - “мылтықтың шаппасының ұшы”, ударник II - “екпінді”; коса I - “бұрым”, коса II - “шалғы орақ”, коса III - “шығанақ, енсіз жарты арал”; кулак I - “жұдырық”, кулак II - “ұсақ буржуазияның өкілі”.

Полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырата білу қажет. Бұларды бір-бірінен ажырату проблемасы тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Сөздіктерді жасауда бірде-бір лексикограф (сөздік жасаудың маманы) полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату проблемасына соқпай өте алмайды. Алайда, полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату проблемасы барлық омонимдердің күллесіне бірдей қатысты емес. Мысалы, “ауаны ішке тартып, сыртқа шығарып тұратын дене мүшесі” деген мағынадағы *өкпе* сөзі мен “наз, реніш” деген мағынадағы *өкпе* сөзінің омонимдес сөздер болғандықтан бұлар полисемиялы сөздерден оңай ажыратылады. Полисемия мен омонимияны ажырату проблемасының қиындығы полисемантизмді сөздермен ұштасып, жапсарласып жатқан омонимдер қатысты, мысалы, “планетаның бір түрі” дегенді білдіретін *ай* сөзі мен “отыз тәулік уақыт” немесе “жылдың он екі бөлшегінің бірі” дегенді білдіретін *ай* сөзі полисемантизм сөз дейміз бе, омонимдес сөздер дейміз бе?

Синонимдер

Мағыналы бір-біріне жақын, өзара мәндес сөздер **синонимдер** деп аталады. Өз ара мәндес сөздерден: синонимдік қатар құралады. Синонимдік қатардың құрамына екі, кейде одан көп сөздер енеді. Мысалы: 1. *адам-кісі*; 2. *күш-қуат - әл-дәрмен*; 3. *қадірлі-құрметті-ардақты-аяулы-қымбатты*;

Синонимдер - омонимдерге қарама-қарсы құбылыс. Омонимдер мағыналары әр басқа, дыбысталуы бірдей сөздер болса, синонимдер мағыналары бір-біріне жуық (өз ара мәндес), дыбысталуы әр түрлі сөздер. Омонимдер де, синонимдер де басқа сөздерден құралады. Дыбысталуы

бірдей болғанымен, омонимдер де әр басқа сөздер ретінде танылады. Омонимдердің ішінде, жоғарыда атап өткеніміздей, біз сөздің (полисемантизмді сөздің) мағыналық жақтан дамуы, мағыналардың бір-бірінен ажырасып кетуі нәтижесінде жасалғандары да бар. Омонимдердің мұндай түрін құрастырушы сынарлар да (сөздері) тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан әр басқа сөздердің синонимдер ретінде танылуы үшін, олардың мағыналық жақтан бір-біріне жуық, өзара мәндес болуы шарт.

Синонимдік қатарды құрастырушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін, оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірыңғай зат есім сөздерден, не бірыңғай сын есім сөздерден немесе бірыңғай етістік сөздерден болуы керек.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Лексикологияның қарастыратын нысаны не?
2. Лексикологияның қандай салалары бар?
3. Ономазиология нені қарастырады?
4. Этимология дегенде не түсінесіздер?
5. Семасиология нені үйренеді?
6. Семасиологияның қандай заңдылықтары бар?
7. Қазақ тілі фразеологиясындағы ерекшеліктер қандай?
8. Ұқсату заңдылығы нәтижесінде пайда болған сөздердің белгілері туралы не білесіңдер?
9. Полисемияның қолданылуына мәлімет беріндер?
10. Сөз мағынасының кеңеюі дегенде не түсінесіңдер?
11. Сөз мағынасының тараю заңдылығы қазақ тілінде қандай көріністе?

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1993.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. А.,1996.
3. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминдері. А., 1997.
4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А., 1996.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. А.: 2007.

4-тақырып. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері

Жоспар:

1. Әдебиет - өнердің бір түрі.
2. Әдебиеттің халықтығы
3. Әдебиеттің көркемділігі. Көркем образ.

Тірек ұғымдар: әдебиет, өнер, әдебиеттану, көркем образ, мазмұн мен пішін.

Өнер - ғоғамдық сананың ерекше түрі болып табылады. Өнердің негізгі ерекшелігі өмірлік шындықты көркем образдар арқылы бейнелейді. Демек, көркем образ дүниені танып - білудің ерекше бір түрі.

Ал қазіргі түсінік бойынша, Әдебиет, өзге де өнер түрлері сияқты рухани байлығымыз болып есептеледі. Әдебиетті «Өміртану туралы», «адам жанының айнасы» деп жиі айтамыз. Әдебиеттің мұндай сипаттамаларды иеленуінің бір сыры оның өмірдегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, адам жанының құпияларына терең үңіліп, талдау жасауында жатыр.

Осы орайда «Әдебиет» деген сөздің шығу тегіне зер салып үңілсек біздің тіліміздегі «Әдебиет», «Поэзия», «Поэтикалық фигуралар» деген терминдерді ығыстырып, олардың орнына қолданысқа түсу тұсы XVIII ғасырмен орайлас келеді.

«Әдебиет» термині XV ғасырдың орта шенінде пайда болған кітап басу ісіне қатысты туғандығы белгілі. Бұған дәлел мысалдарды Аристотельдің «Поэтика» атақты еңбегінен, сондай-ақ, ежелгі және орта дәуірлерде дүниеге келген трактаттарды көптеп кездестіруге болады.

Әдебиеттің нысаны мен мақсаты

Көркем әдебиеттің нысаны әрқашан адам болып табылады. Ежелгі үнді өнері мен әдебиетінде хайуанаттар жетекші орынға шығып, адам табиғатқа тәуелді кейіпте көрінсе, одан кейінгі кезеңде Египет мифологиясында құдай тектес құбыжық - хайуанаттар арасында адамдар бейнесі ара-кідік кездесіп қалады. Ежелгі грек өнерінде ғана адам біршама толыққанды болмысымен

көрінеді. Шындығында қандай да бір жазушы жайында сөз болғанда, ең алдымен оның сомдаған қаһармандары туралы сөз өрбиді. Мысалы: Гомер – Ахиллес, Гектор, Одиссей, Пенелопа т.с.с; Шекспир – Гамлет, Ромео, Джульетта, Отелла т.с.с; Әуезов – Абай, Құнанбай, Бақтығұл, Еңлік т.с.с.

Көркем шығармада жазушылар адамдардың тағдыры мен мінездерін аша түсу мақсатында табиғат көріністерін жиі пайдаланады. Бұл орайда Гороцийдің: «тоғайды, бұлақты, шулы тасқынды, алуан түсті кемпірқосақты нашар ақын ғана адамға еш қатыссыз суреттейді» деген сөзі бар.

Демекжазушы табиғаттыадамның мүдде-мұратымен, құштарлығымен, іңкәрлігімен, үмітімен байланыстарады.

Әдебиеттегі хайуанаттар бейнесі де осындай. Олардың бойында адам құштарлығымен үндес, адам өмірін еске салатын, адамдардың рухани дамуы үшін маңызды жағдайларды байқаймыз.

Әдебиеттің халықтығы

Әдебиеттің халықтығы проблемасына қатысты ой-пікірлер – әрдайым дамып, жетіліп келе жатқан мәселелердің бірі. Біздің түсінігімізше, әдебиеттің халықтығы дегеніміз халықтың ой-санасы мен жан дүниесін бейнелеу және халыққа қызмет ету «Әдебиеттің халықтығы деп шығарманың халықтығы тілек-мүддесіне толық сәйкес келер идеялық-көркемдік саласын айтамыз» (З.Ахметов)

Шындығында уақыт азған сайын халықтың талап-тілегі де, танымы да үздіксіз өсе бермек. Дегенмен әдебиеттің халықтығын сипаттауда негізгі белгілерін анықтау қажет.

Біріншіден, халық үшін ең маңызды да қажетті құбылыстар мен өзгерістерді бейнелеу. Екіншіден, дәуірден ең озық идеяларына негізделген өмірлік ақиқатты шынайы суреттеу.

Осы белгілер арқылы қаламгер идеяларын дәуірмен неге ұштастырып отырмыз? Егерде өткен дәуір шығармасын талдау барысында бүгінгі күн

идеяларымен сәйкестік-сәйкессіздігіне қарай бағалап, қорытынды жасай алмасақ, жаңалық болған құбылысты пайымдай алмас едік.

Орыс Әдебиеті мен сынында Әдебиеттің халықтығы туралы мәселе Пушкин дәуірінен (XIX) бастап кеңінен қарастырылады. әдебиеттің халықтығының ұстанымдары алғаш рет О.М.Сомовтың «Романтикалық поэзия жайында» (1823), Л.А.Вяземскийдің «Баспагер мен классик арасындағы Әңгіме» (1924) атты мақалаларында «халықтықты» ұлттық ерекшелікке, яғни әдет-ғұрып, дәстүр, тіл, т.с.с. тұрғыдан түсіндірді. А.С.Пушкиннің өзі де халықтықтың ұлы белгілерін батыс жазушыларының шығармаларынан үйреніп, өрбітті.

XIX ғасырдың 40-жылдарында орыстың қоғамдық ой дүниесін кеңінен қамтыған халықтық жайындағы талас, әсіресе, батысшылдық және славянфильдік бағыттар арасындағы қайшылықтар ерекше рең алады. Мысалы: В.Г.Белинский орыс халқына тән ұлттық ерекшеліктердің бар екендігін ескере отырып, славянфильдік тұрғыдан түсіндіруге қарсы тұрды.

Халықтық мәселесіне қатысты озық дәстүрлер кейінгі дәуірлерде де дамып, кемелдене түсуде. Әдебиеттің халық игілігіне қызмет етіп байланысты болуы қазіргі әдебиеттің негізгі қағидасы. Белгілі бір тілде жасалған әдеби шығармалар топтамасын ұлттық әдебиет құралады. Бірақ, белгілі бір халыққа тән әдеби туындылар әлемдік әдеби дамудың маңызын белгілеп бере алмайды. Себебі, шынайы халықтық туындылармен қатар халық мүддесіне қайшы туындылар да болады. Екіншіден, халықтың ой-санасын тек көрнекті қаламгерлер ғана терең бейнелей алады. Бұған мысал ретінде М.Әуезов пен С.Мұқановтың шығармаларын атауға болады.

Әдебиеттің көркемділігі. Көркем образ

Әдебиеттің негізгі мұраттарының бірі – адам баласының рухани әлеміндегі ұстанымдарды қалыптастыру және адамгершілік жолындағы іс-әрекетке үндеу. Бұл мақсатқа жету үшін суреткер адам болмысына үңіледі. Өзі суреттеп отырған оқиғаны да, көріністі де, ой-сезімді де, адам төңірегінен

өрбітеді. Себебі әдебиеттің нысаны – адам, мақсаты – адам игілігіне қызмет ету. Қалай болғанда да, әдебиеттің ең негізгі өлшемі көркемдік болып келеді және алдақы уақытта солай бола қала бермек. Көркемділік көркем образ арқылы жасалады. Ендеше «көркем образ» дегеніміз өзі не? Ол қалай жасалады?

Көркем образ - өмірлік шындықты игеру және қорытып, жаңадан өнерге ғана тән ерекше тәсілін сипаттайтын категория. Сонымен бірге көркем шығармадағы кейіпкерлер мен әдеби қаһармандарды «образ» деп атаймыз. Мысалы: «Абай жолындағы» Абай, Құнанбай, Әйгерім бейнесі т.с.с.

Көркем образ - өте күрделі ұғым. Күрделі дейтініміздің себебі – образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы қиялдан туған әлемге көшеді. Сонымен бірге образ - нақты ұғым. Қандай құбылыста негізделсе де дерексіз, тиянақсыз әлденелерге бөлшектемей өзіндік бітімін сақтап қалады.

Сондай-ақ образ өмір шындығын ойда қорытып бейнелеп берумен шектелмейді. Ойдан шығарылған жаңа дүние де болуы мүмкін. Мысалы:



Образдың мақсаты - затқа жаңа сипат дарыту, ұғымды жаңа бір ұғымға айдалдыру.

Түйіндей келегенде, образ дегенімі «Образ эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты әрі жинақты жасалған адам өмірініңәсем суреті» (Л.И.Тимофеев.Основы теории латаратуры)

«...Көркемөнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған тәрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалып, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем образда екі түрлі ерекшелік - жинақтау, ... жіне даралау ... іштей астасып, қабысып жатады.» (З.Ахметов.әдебиеттану. Терминдер сөздігі)

Образға берілген түрлі анықтамаларды, жоғары айтылған пікірлерді ескере отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады. әдеби образ-өмірлік шындықтан алынып, суреткердің шеберлігінің нәтижесінде жан-жақты екшеленген және бейнелі сөз арқылы қайта жасалған шындық.

Әдебиеттің тілі

Әдебиеттің басқа өнер атауларынан өзгешелігі - оның сөз арқылы жасалауында екендігі белгілі. Әдебиетке тән ерекшелік, әсіресе, әдеби туындыларды сурет және мүсін туындыларымен салыстыра қарастырғанда анық танылады. Суретші мен мүсінші өзініңқұралдары арқылы көзге көрінетін нiрсенi ғана бейнелей алады.

Суреткер сөз көмегімен оқырманның немесе тыңдарманныңқиялында адамдарды қоршаған сыртқы дүние туралы да, сонымен бірге олардың ішкі әлемі (ойы, сезімі, толғаныстары, құштарлықтары) туралы да жанды бейнелер туғыза алады.

Әдебиеттің тілі дегенде суреткер өз туындысын жалаң сөзбен береді деуге болмайды. Бұл жаңсақ түсінік болар еді. Себебі - жалаң, жадағай сөз арқылы әдеби шығармалардың шынайы мазмұн-мәнін ашу мүмкін емес. Әдебиеттің мазмұнын бейнелі сөз құрайды. Әдебиет тілі - бұл сөздік

бейнелер, яғни нақты бір адамдардың, оқиғалардың, жағдайлардың, сезімдердің, ой-толғаныстардың бейнелі сөз арқылы беріледі.

Демек, сөз өнеріөзге өнер атауларынан өзгешелігі – көркем туындыдағы әрекеттер мен қозғалыстар, кейіпкерлер мен автор сөздерініңөзара байланыстылығы сипатымен ерекшеленеді. Оқу барысында сюжетке бойлау арқылы оқырман біртіндеп мазмұнның мәнін – әрекет пен тартысты, фабула мен дәлелдеулерді тақырып пен идеяны аңғара бастайды. Сюжеттіңөзі шығарманың «ішкі пішіні» болып табылады. «Ішкі пішінге» композиция да жатады.

Осы тұста айта кетудіқажетсінетін қызықты бір жағдай бар. Ол – әдебиет тілінің зерттелуіне қатысты мәселе.

Байырғы дәуірдіңөзінде мемлекет көркем әдебиет тілін өзінің тілдік саясатының объектісі еткен. Бертін келе, мәселен, XX ғасырдың 50-жылдарына шейін лингвистикада көркем әдебиет тілін танудыңөзіндік әдістерін толық бағаламаушылық байқалады.

Әлі күнге дейін әрқилы тәсіндіріліп жүрген мәселелердің бірі – көркем әдебиет тілі мен әдеби тіл ұғымдардың ара қатынасына байланысты. Бірқатар филологтар көркем әдебиет тілін әдеби тіл стильдерінің бірі ретінде қарастырады.

Әдебиеттегі мазмұн мен пішін

Әрбір шығарма бөлшектеуге келмейтін тұтас бір дүние. Ал көркем шығарманы талдау барысында оныңқұрамындағы түрлі бөлшектерді жеке-жеке қарастырғанда шығарманың мағыналық-пішіндік табиғатына тән бірлікті тануға болады. Олай болса, шығарманың мағыналық-пішіндік тұтастығы дегенде қандай тұтастықты түсінгеніміз жөн?

Әдебиеттің нысаны мен мақсаты қай кезде де өзара тығыз байланысты болатынын жоғарыда айтып кеттік.

Әдеби шығарма мазмұны - қашанда қаламгердің бейнелегені мен баяндағанының қосындысынан құралады. Шығармада осы бейнелеуші және

айтушы бастаулардың өзара бірлескен әрекеті болғанда ғана оқырманның ойы мен сезімін байытуға қабілетті идеялық мазмұн туралы айтуға болады.

Мазмұн мен пішін - бірінен-бірі ажыратып қарауға келмейтін ұғымдар. Біздің түсінігімізше, мазмұн – «шығарма да не айтылады?», пішін – «ол қалай айтылады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Кез-келген қарапайым сезімді немесе ойды жеткізу қажеттілігі белгілі. Көбінесе бұл сөз арқылы іске асады. Мәселен, одағайларды алып көрелік. Олардың қай-қайсысы да нақты бір сезімді, талқынысты жеткізеді. Олар арқылы біз сол сезімнің мәнін (қуану, ренжу, таңдану, шаршау т.с.с.) түсіне аламыз. Ежелгі грек мифтерінде әділетті қазылық көзін бір қолына-семсер, бір қолына-таразы ұстаған әйел-құдай Фемида бейнесінде суреттелген. Бұл әділ қазы ешкімнің бет жүзіне қарамастан, оларды әрекеттерін дәл таразылап, кінәліні қатаң жазалайды дегенді танытады. Бұл мысалдағы таңғыш.

Семсер, таразы - мазмұнның негізгі сипаттарын білдіретін пішін. Мазмұн – әділ қазылық.

Мазмұн неғұрлым күрделі болған сайын, оны білдіретін пішін де бай. Бұған керісінше, пішін арқылы мазмұнның алуан қырын да тани аламыз.

Шығарманы талдау кезінде пішін мен мазмұнды олардың өзара бірлігінде, байланысында, алмасуында түсінуге ұмтылу қажет. Мазмұн мен пішін барлық салада кездесетіні анық, алайда өнердегі мазмұн мен пішіннің ерекшелігі – оның образдылығында.

Н.Г.Чернышевский өнер мен әдебиетке тән көркем образдылық ты, олардың ерекшеліктерін «өмір пішіні» деп атаған болатын. Ендеше, «өмір пішіні» дегеннің мәні неде? әрине, көркем сөз өнерінде жинақталған «өмір пішіні»- қаламгер жаңғырта бейнелеген ақиқат өмірдің жанды суреті.

Әдебиеттегі пішін мен мазмұнды саралай қарастырғанда, әркез есте ұстайтын жәйттер бар: біріншіден, пішін мен мазмұн шындығында еш

бөлшектенбейтіні. Себебі, пішін дегеніміз - мазмұнның қабылдану сипаты да, мазмұн дегеніміз – берілген пішіннің ішкі мәні.

Сонымен пішін нақты бір мазмұнға ғана тән пішін болып көрінеді. Алайда пішіннің де белгілі бір үлгіде көрінетін сәттері бар. Бұл тұста тектер жанрлар, стильдер және композиция, т.с.с. атауға болады. Шын мәнінде әдебиет туындысында пішіндердің әралуан дайын қырлары мен бөлшектері жаңғырып, өзгеге ұқсамайтын сипат беріледі. Мәселен, әрбір көркем шығарма жанрлық, стильдік және пішіндік қарым-қатынаста әрдайым бірегей сипатта болады. қалай болғанда да, қаламгер әдебиетке қалыптасқан жанр, стильдік тенденциялар ішінен өз шығармашылығы үшін қолайлысын тандап алатыны да заңды. Демек кез-келген әдеби туындыда жалпы әдебиетте немесе белгілі бір аймақта, халықта, дәуірде, бағытта бұрыннан бар маңызды пішіндік белгілер мен элементтер бар.

Қазіргі кезде жалпыға ортақ әдебиет пішіні саналатын жәйттер бір кезде мазмұн болған. Алғаш дүниеге келгенде көптеген жанрлар белгілер ретінде бірден көрінбей, пішіндік құбылыстар ретінде, тек үздіксіз қайталану үрдісінде ғана тұрақап қалғаны анық. Мәселен, Италия қайта өрлеуінің бастапқы кезеңінде пайда болған новелла бірден әдеби түр ретінде қабылданған жоқ. Тек ғана жұртты қызықтырған оқиға жайындағы хабар, жаңалық сипатында көрінеді. Италиян тілінде «novella» дегеніміздің өзі «жаңалық» деген сөз.

В.Г.Белинский «пішінді мазмұннан бөліп қарау - мазмұнды жою, мазмұнды, пішінен бөліп қарау – пішінді жою» деген пікірі бар. Бұл пікірдің дұрыстығына оп-оңай көз жеткізуге болады. Мысалы, пайым баяндау арқылы ақын өлеңінде бейнеленгеннің жалпы айтқанын жеткізгенімізбен, ақын сезімімен жымдаса өрілген талқыныстардың, сезімнің, ойдың барынша әсерлі қуаты жойылатындығы сөзсіз.

Қорыта айтқанда, пішін – бейнелеуші, мазмұн – бейнелеуші. Бейнелеуші мазмұн толық ашылу үшін бейнелеуші пішіннің алуан қырлығы мен байлығы керек. Сонда ғана нақтылылық пен айқындыққа қол жетеді.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Әдебиеттің пайда болуы
2. Әдебиет нысаны мен мақсаты
3. Әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері
4. Әдебиет нысаны мен мақсаты арасындағы байланыс
5. Әдебиеттің тарихилығы
6. Әдебиеттің идеялылығы
8. Көркем образ ерекшеліктері
9. Әдебиет тілі және әдеби тіл
10. Мазмұн мен пішін тұтастығы дегеніміз не?

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қ.: 1998.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. А.: 1997.
3. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.
4. Сыздыкова Р. ва бошқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. –А.1993.

5-тақырып: Қазақ халық ауыз әдебиеті

Жоспары:

1. Ауыз әдебиеті туралы мәлімет.
2. Ауыз әдебиетінің түрлері.
 1. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы.
 2. Ауыз әдебиетінің жинақталуы және зерттелуі

Тірек ұғым: ауыз әдебиеті, лирика, нақыл өлең, тұрмыс-салт жырлары, бесік жыры, жалыңтпаш, өтірік өлең.

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті.

Жазу – сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс – тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанудағы көзқарасы, т.б. жанұяда ендеше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан, әрине ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілері болса да әуел баста жеке адамдар шығарған.

Ауыз әдебиетін фольклор деп те атаймыз. Фольклор ағылшын сөзі. Ол – халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды береді.

В.Г.Белинский «Әдебиет деген сөздің мағынасы»¹ туралы жазған еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, ауыз әдебиеті халықтың ерте замандағы ой-санасының жемісі деп көрсетеді. «Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін емес», - деп

¹Белинский В. Г. Полн.соб.соч. В. 13-ти т. М. 1954 т. 5. с 625

Белинский ауыз әдебиетін тым ерте туғандығын дәлелдейді. Қай халықты алсақ та, оның көркем әдебиет ауыз әдебиетінен басталады.

Әдебиет әр түрлі болғандықтан, ауыз әдебиеті әр алуан болып келеді. Халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған шығармалар, мақал-мәтелдер, аңыз, ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері т.б ауыз әдебиетінің негізгі түрі болып есептеледі. Ауыз әдебиеті түрлері бір мезгілде тумаған.

XIX ғасырда батыс Европада, Ресейде ауыз әдебиетін зерттеген ғалымдар «мифтік теория» дегенді ойлап шығарды. Бұл теорияны XIX ғасырдың 50-60-жылдарда орыстың Буслаев, Миллер, Афанасьев секілді ғалымдары қолдап ауыз әдебиеті дінге, діни ұғымдарға, әр түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз әдебиетінің өз құдайлары болды дейді.

Ауыз әдебиетінің пайда болуы жайында XIX ғасырдың 2-жартысында батыста тағы бір теория пайда болды. Бұл - «ауысып алу теориясы» (теория заимствования) теориясы деп аталады. Оны Ресейде Пылин, Стасов, Веселовский сияқты ғалымдар қолдады.

Олар ұқсас сюжеттер... М.Веселовский орыстың батырлар жырының сюжеті Батыс Европадан алынған десе, Пылин оны тек шығыс елдері ауыз әдебиетінен алынған деген пікірді айтады.

Бәрі ауысып алу алғандығынан бола бермейді. Ондай ұқсастық экономикалық, тұрмыс – тіршілік, қоғамдық өмірдің ұқсастығынан туады.

Ауыз әдебиетінің түрлері

1. Халық арасында әр алуан тақырыпқа шығарылған өлеңдер.
2. Мақал-мәтелдер.
3. Ертегілер.
4. Аңыз-әңгімелер.
5. Батырлар жыры.
6. Тұрмыс-салт жырлары.
7. Айтыс өлеңдер.

В.Г. Белинский жоғарыда аталған еңбегінде және «Әдебиеттің түрлері» дейтін мақаласында ауыз және жазба әдебиетінің арасында елеулі айырмашылық бар дейді. Ол былай дейді: «Ауыз әдебиетінің алатын болсақ, оның жұртқа аты белгілі авторы болмайды, өйткені қашан да болса, ауыз әдебиеті авторы халық болады.»²

Ауыз әдебиетінің авторлары белгісіз болады. Бұдан ауыз әдебиетінің авторы болмайды деген ұғым тумайды, онда автор болған. Мәселен, «Ер төстік», «Күн астында күнекей қыз», «Алдар көсе», «Қобыланды батыр» т.б. әуел баста жеке авторлар шығарған. Бірақ ол жазу сызу өнері болмағандықтан автордың аты-жөні, өмірбаяны сақталмаған. Екінші айырмашылығы – ауыз әдебиетінің шығарудағы варианттардың көп болуында.

Бір-біріне жалпы мазмұны, оқиға желісі, кейіпкерлердің аттары ұқсас келетін шығармалар ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырының 28 варианты бар. Жырдың сыртқы және ішкі жауларға қарсы күресі, осы жолда жасаған ерліктері т.б. Мұнымен қатар ауыз әдебиетінде варианттар көп болуы ауызша шығарылып, халыққа таралуында. Мысалы: ертекті өзінің ертегін немесе жыршы көпшіліктің жиналған жерінде айтады. Тағы бір айырмашылығы, қалыптасқан дағдылы сөздер мен сөйлемдердің, тұрақталған ұқсастық пен ұйқастардың жиі кездесетіндігінде көрінеді. Мысалы:

«Ертекті, ертекті ерте екен

Ешкі жүні бөрте екен» - деп немесе «Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты» деп басталуы дәстүрге айналып кеткен.

Және де ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылық ауыз әдебиеті бірнеше өнердің бірлесіп келуін айтамыз. (синкретизм) Тармақтар ән(күй) әуенін келтіріп жырлайды.

²Белинский В. Г. Сонда 289-б

Әрине, кемелденген көркем әдебиеттің шеберлері әрдайым нәр алып отырған. Әуелі ауыз әдебиеті халықтың тіл байлығын үйренеді. Сондықтан Абайда, Ыбырайда және Шәкәрім де ауыз әдебиетінің сюжетін пайдаланған. Сонымен бірге олар ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін сюжеттерін пайдалана отырып жаңа шығармалар тудырды. Мәселен, М.Әуезов «Қобыланды батыр» және «Еңлік - Кебек» пьесалары, Ғ.Мүсірепов «Қыз жібек» және «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» т.б атауға болады.

Әдебиетші ғалым Б.Кенжебаевтың зерттеулеріне³ қарағанда «Қазақ халық әдебиеті үлгілері ел арасынан ХІХ ғасырда жинала бастады. Бұған себептердің бірі Қазақстанның Ресейге қосылуы еді», - дейді ол. Дұрыс, Ресей бодан болған елдердің тарихы, тұрмыс-тіршіліктері, әдет ғұрыптарын білу үшін арнаулы экспедициялар шығарады. Және бұл жұмысқа 1845 Санкт-Петербургке құрылған Ресей географиялық қоғамы араласты және қоғамдық бөлімшелері Оренбург, Омбыда салынады.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көрнекті еңбек еткендер – РГК мүшелері: Ш.Уәлиханов, В.Радлов, И.Березин, А.Харузин, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Н.Пантусов т.б. Олар жеке кітап етіп, газет-журналдарда бастырады. Қазақ жеке ғалымдары О.Әлжанов, Б.Дауылбаев, Ж.Айманов, М.Бекітов, ХІХ ғасырдың аяқ шенінде ауыз әдебиетін жинауға белсене араласады.

Ауыз әдебиеті жинауға Шоқан мен Ыбырай да белсене араласады. Сондықтан оларға қысқаша тоқталсақ. Шоқан осы күнге дейін Европада көшпелі елдерді аса қатал, жөн білмес тағы деп жалған түрде түсінушілік үстем болып келеді. Көшпелі монғол немесе қазақтар жайындағы мұндай ұғымдар оларды мал тәрізді, тұрпайы тағылар деген, пікірмен тығыз байланысты. Шындығында осы надан халықтардың жазба және ауыз әдебиеті, аңыз әңгімелері бар. «Өлеңге, әсіресе өлеңді суырып салма түрінде

³Кенжебаев Б. Таңдамалы шығармалары. 5 т. А., 1987. 10-б.

шығарып айтуға бейімділік, барлық көшпелі елдердің, соның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшеліктері деуге болады».⁴

1853 жылы Кадет корпусын бітіргеннен кейін, Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Семей, Жетісу жақтарын аралайды. 1856 жылы қырғыз елін зерттеуге қатысады. 1856 жылы Қашқарияда болады. Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Жұмағұл жырларын жазып алып отырады.

Қашқарияда болғанда ұйғыр тілін үйренеді, өлеңдерін жазып алады. Бұл жөнінде Г. Потанин былай дейді: Шоқан ауыз әдебиетін жинаушы ғана емес, оны зерттеуші, тарихи этнографиясы, қоғам өмірі әлеуметтік тұрмысы туралы ғылыми пікірлер айтады.

Шоқанның «Егер Геродот пен Гомердің өлеңдері мен аңыздары ауыз әдебиетінде тарихи мәні бар десек, қазақтардың жүйелі түрде ата – бабаларының мәдениеті болғанына шүбәләнбауымыз керек»,⁵ - деп атауы орынды.

Жоғарыдағы пікірді ол өзінің «Шамандықтың қазақтағы қалдықтары», «Ұлы жүз қазақтарының ертегілері мен аңыздары», «Жоңғария очекркері» еңбектерінде де айтады. Сондықтан батырлар жыры туралы да азды – көпті пікір айтқан. Шоқан XIV, XV, XVI ғасырлар шамасында туған. Онда халықтың рухы, көзқарасы, әдеті, мінез-құлқы суреттелген.

Ауыз әдебиетінің авторлары белгісіз болады. Бұдан ауыз әдебиетінің авторы болмайды деген ұғым тумайды, онда автор болған. Мәселен, «Ер төстік », «Күн астында күнекей қыз», «Алдар көсе», «Қобыланды батыр» т.б әуел баста жеке авторлар шығарған. Бірақ ол жазу сызу өнері болмағандықтан автордың аты-жөні, өмірбаяны сақталмаған. Екінші айырмашылығы – ауыз әдебиетінің шығарудағы варианттардың көп болуында.

Бір-біріне жалпы мазмұны, оқиға желісі, кейіпкерлердің аттары ұқсас келетін шығармалар ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Мысалы: «Қобыланды

⁴ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. А., 1985. 169-б.

⁵ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. А., 1985. 189-б.

батыр» жырының 28 варианты бар. Жырдың сыртқы және ішкі жауларға қарсы күресі, осы жолда жасаған ерліктері т.б. Мұнымен қатар ауыз әдебиетінде варианттар көп болуы ауызша шығарылып, халыққа таралуында. Мысалы: ертекті өзінің ертегі немесе жыршы көпшіліктің жиналған жерінде айтады. Тағы бір айырмашылығы, қалыптасқан дағдылы сөздер мен сөйлемдердің, тұрақталған ұқсастық пен ұйқастардың жиі кездесетіндігінде көрінеді. Мысалы:

«Ертекті, ертекті ерте екен

Ешкі жүні бөрте екен» - деп немесе «Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты» деп басталуы дәстүрге айналып кеткен.

Және де ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылық ауыз әдебиеті бірнеше өнердің бірлесіп келуін айтамыз. (синкретизм) Тармақтар ән(күй) әуенін келтіріп жырлайды.

Әрине, кемелденген көркем әдебиеттің шеберлері әрдайым нәр алып отырған. Әуелі ауыз әдебиеті халықтың тіл байлығын үйренеді. Сондықтан Абайда, Ыбырайда және Шәкәрім де ауыз әдебиетінің сюжетін пайдаланған. Сонымен бірге олар ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін сюжеттерін пайдалана отырып жаңа шығармалар тудырды. Мәселен, М.Әуезов «Қобыланды батыр» және «Еңлік - Кебек» пьесалары, Ғ.Мүсірепов «Қыз жібек» және «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» т.б атауға болады.

Әдебиетші ғалым Б.Кенжебаевтың зерттеулеріне⁶ қарағанда «Қазақ халық әдебиеті үлгілері ел арасынан ХІХ ғасырда жинала бастады. Бұған себептердің бірі Қазақстанның Ресейге қосылуы еді», - дейді ол. Дұрыс, Ресей бодан болған елдердің тарихы, тұрмыс-тіршіліктері, әдет ғұрыптарын білу үшін арнаулы экспедициялар шығарады. Және бұл жұмысқа 1845 Санкт-Петербургке құрылған Ресей географиялық қоғамы араласты және қоғамдық бөлімшелері Оренбург, Омбыда салынады.

⁶Кенжебаев Б. Таңдамалы шығармалары. 5 т. А., 1987. 10-б.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көрнекті еңбек еткендер – РГК мүшелері: Ш.Уәлиханов, В.Радлов, И.Березин, А.Харузин, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Н.Пантусов т.б. Олар жеке кітап етіп, газет-журналдарда бастырады. Қазақ жеке ғалымдары О.Әлжанов, Б.Дауылбаев, Ж.Айманов, М.Бекітов, ХІХ ғасырдың аяқ шенінде ауыз әдебиетін жинауға белсене араласады.

Ауыз әдебиеті жинауға Шоқан мен Ыбырай да белсене араласады. Сондықтан оларға қысқаша тоқталсақ. Шоқан осы күнге дейін Европада көшпелі елдерді аса қатал, жөн білмес тағы деп жалған түрде түсінушілік үстем болып келеді. Көшпелі монғол немесе қазақтар жайындағы мұндай ұғымдар оларды мал тәрізді, тұрпайы тағылар деген, пікірмен тығыз байланысты. Шындығында осы надан халықтардың жазба және ауыз әдебиеті, аңыз әңгімелері бар. «Өлеңге, әсіресе өлеңді суырып салма түрінде шығарып айтуға бейімділік, барлық көшпелі елдердің, соның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшеліктері деуге болады».⁷

1853 жылы Кадет корпусын бітіргеннен кейін, Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Семей, Жетісу жақтарын аралайды. 1856 жылы қырғыз елін зерттеуге қатысады. 1856 жылы Қашқарияда болады. Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Жұмағұл жырларын жазып алып отырады.

Қашқарияда болғанда ұйғыр тілін үйренеді, өлеңдерін жазып алады. Бұл жөнінде Г. Потанин былай дейді: Шоқан ауыз әдебиетін жинаушы ғана емес, оны зерттеуші, тарихи этнографиясы, қоғам өмірі әлеуметтік тұрмысы туралы ғылыми пікірлер айтады.

Шоқанның «Егер Геродот пен Гомердің өлеңдері мен аңыздары ауыз әдебиетінде тарихи мәні бар десек, қазақтардың жүйелі түрде ата – бабаларының мәдениеті болғанына шүбәләнбауымыз керек»,⁸ - деп атауы орынды.

⁷ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. А., 1985. 169-б.

⁸ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. А., 1985. 189-б.

Жоғарыдағы пікірді ол өзінің «Шамандықтың қазақтағы қалдықтары», «Ұлы жүз қазақтарының ертегілері мен аңыздары», «Жоңғария очерктері» еңбектерінде де айтады. Сондықтан батырлар жыры туралы да азды – көпті пікір айтқан. Шоқан XIV, XV, XVI ғасырлар шамасында туған. Онда халықтың рухы, көзқарасы, әдеті, мінез-құлқы суреттелген.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Ауыз әдебиеті дегеніміз не?
2. Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері
3. Ауыз әдебиетінің жиналуы мен зерттелуі.
4. Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері.
5. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Сейтжанов З. Халық әдебиеті. А., 2002.
2. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қ.: 1998.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. А.: 1997.
4. Сыздыкова Р. ва бошқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. –А.1993.

6-тақырып. ХІХ-ХХ ғасыр қазақ әдебиетін үйренудің негізгі проблемалары
Жоспар:

1. ХІХ-ХХ ғасырдағы әлеуметтік-мәдени жағдай.
2. Абай Құнанбаевтың өмірбаяны:
 - а) балалық шағы;
 - ә) ел басқару ісіне араласуы;
 - б) орыстың озық ойлы зиялыларымен қарым-қатынасы;
3. Абайдың шығармаларына шолу.

Тірек ұғымдар: реализм, романтизм, реалистік әдебиет, өлең, өлең ұйқасы.

Ұлы ойшыл алыбымыз М.О.Әуезов 1928 жылы анкеталық сұраққа берген жауабында «Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз «қазақ» деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен бара-бар болатыны бар» - деп жазады.

Шынында қазақтың адамилық қалпын Абайды тану, түсінумен өлшеуге болады. Өйткені Абай қай қазаққа болмасын, үлкенге де, кішіге де, жақсыға да жаманға да қай заманда болмасын, берер қазынасы, тағлым-танымы мол, тек әркім өз жеткен жеріне дейін ала алады деген сөз.

Абайдың осыншалық қадір-қасиетінің көп қырлы құдыретінің сыры неде? Біз оны қалай танып, қалайша таңданамыз? Бұл, әрине, өте қиын сауал. Оған оп-оңай қолма-қол жауап бере қою мүмкін емес. Ол жауапты әркім әр заманда өзінше іздеп, өзінше табады.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, -

дейді кемеңгердің өзі.

Абайдың бізге қалдырған мұрасы сан мен мөлшерлегенде, бас-аяғы бір кітаптың айналасындағы өлең-жырлар мен көлемі шағын ғақлиялары. Соның өзі Абайдың сан-салалы ақыл-ойын аршып береді.

Осыған байланысты М.Әуезов 1961 жылы КазМУ-де абайтанудан оқыған арнаулы курста: «Абай – бір өзі қазақ сахарасында отырып, академиялық ой ойлай алған данышпан»⁹ - деген пікір айтқан еді. Абайдың өзінен бұрын-соңды көп ақындардан оқшау ерекшелігі – оның өлеңге үлкен дайындықпен келуінде. Ақын өмірден көрген-білгені, түйгені молайып, толысқан шағында 1886 жылғы «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...» деп келетін өлеңінде:

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында, -

деп жазады. Немесе,

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,
Өмірдегі қызығың – бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең, -

дегенде, ұлы ақын өлеңнің адам баласының жан серігі екенін айтып отыр.

Осы сияқты басқа өлеңдерінде де Абай «адамның ұйықтап жатқан жүрегі оянатынын» , «іштегі дертін жоятынын» «шөлде су тапқандай болатынын» кезегімен айтып өтеді.

Көркем өнердің қоғамдық қызметін осылайша түсінген Абай: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Әннің де естісі бар, есері бар», - деп, өлеңнің ішкі табиғатына ерекше мән береді. Сонда Абай өлеңдерінде ой басым ба, сезім басым ба? Ақылдылық басым ба, сұлулық басым ба? Әлде бірінен-бірі асып-тасып жатыр ма? Менімше, ақын өлеңді «ермек үшін», «думан-сауық үшін» жазбайды.

⁹Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы. «Жазушы»,1959.-50-б.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін.
Біржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін, -

деп ақылға шақырды. Немесе,

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті-
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,-

деген ғой. Және бір өлеңінде одан ары да:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек,-демей ме?

Өмірдің өзі өте бір күрделі құбылыс! Оған бір жақты, жеңіл-желпі қарауға болмайды. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, айналасы теп-тегіс жұмыр өлеңді» өмір құбылыстарынан аршып алып, қиыннан қиыстырып жазуға болады.

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден, -

деп жырлаған зарлы ақын ғаклиясының 43-сөзінде «... Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп, бұл харакетке түсінген адамды ақылды адам дейсіз»¹⁰, - деп жазады.

Бүгінде Абайды танудан гөрі «Абай!», «Абай!» деген ұран ығында келеміз. Абайды зерттеген адамдардың ішінде оны терең түсінгені қайсысы? – деген сұрақ әркімді теңіз тұңғиығына жетелесе керек. Бірақ сонда да Абайды өз деңгейінде зерттеген ғалымдар әдебиеттану ғылымында жоқ емес. Мәселен, белгілі абайтанушы Төкен Ибрагимов Абайды әрі толық танып

¹⁰Қара сөздер. «Қазақстан» даму қырының кітапханасы. – Алматы: 1993.

болған жоқпыз деген пікір білдірген еді. Шынында абайтануды ең алдымен ауызға аларымыз – М.Әуезов. Күні бүгінге дейін зерттеуші ғалымдар қанша шұғылдандық дегенмен, Әуезовтың сіңірген еңбегіне жетпейді. Әуезовтен кейін аталатын айқын тұлға, ол – Қайым Мұхамметханов. Оның «Абай мектебі», «Абайдың ақын шәкірттері» атты еңбектері – баға жетпес құнды дүние. Сонымен қоса, Абай текстологиясының мәселелерін белгілі бір деңгейге көтеріп кеткен абайтанушы. Абайтану бүгінде көшбасшысыз емес. Көшбасшымыз Мекемтас Мырзахметов. Оның 11 кітаптан тұратын еңбегін айрықша атауымыз керек. Сонымен қатар, абайтануда орны бөлек, әр тақырыпта елеулі еңбек қалдырған Қ.Жұмалиев, М.Базарбаев, А.Жұбанов, Р.Нұрғалиев, М.Мағауин, Т.Жұртбай атамасақ болмас.

Міне, бұл айтылғандар «соқтықпалы, соқпақсыз жерде» мыңмен жалғыз алысып, өлеңде де, өнер мен ғылымда да жаңа соқпақ, тың сұрлеу салған Абай қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы деп білеміз.

Абайды Абай еткен Мұхтар ғана,
Мұхтарды Мұхтар еткен Абай дана.
Қазақтың қос арысы, қос данасы,
Қалайша бас имесің оған,сірә.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. XX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-мәдени жағдай.
2. XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмыстары.
3. Абай өлеңдеріндегі адамгершілік қасиеттер.
4. Абай қарасөздерінде «толық адам» мәселесі.
5. Абай шығармаларының зерттелуі жайлы.
6. Абайтану және М.Әуезов.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. М.Мырзаахметов Абайтану. А., 2012.
2. Т.Қалдыбаев .Абайведение. А., 2013.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. А.: 1997.
4. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. –А.1993.

7-тақырып. Тәуелсіздік жылдар әдебиетіндегі жаңа ізденістер мен көзқарастар

Жоспар:

- 1.Қазіргі қазақ поэзиясы.
2. Қазіргі қазақ әңгіме жанрының өзіне тән ерекшелігі және даму жайы.
- 3.Қазіргі қазақ романындағы дәуір, тарих және заман мәселесі.

Егемендік жағдайындағы халықтың ұлттық сезімін оятушы, сенімділікке үндейтін өлеңдер – бүгінгі әдеби процесте алдыңғы және жетекші жанр болды. Қазір поэзияның жекелеген даму кезеңдерін арқау етіп, талдау жасайтын ғылыми жұмыстар баршылық. Олардың жетістіктері – ғылыми жұмысқа негіз болған белгілі бір кезең ақындар өлеңдерінің құрылымдық жүйесіндегі жаңалықтар мен даму үрдістерін дөп басып, тани алғандығында. Ал олардың жұмыстарында кейбір сауал тудырған тұжырымдар жалпы қазақ поэзиясының шешімін күткен мәселелері болып табылады. Қазіргі қазақ өлеңіндегі кейбір тосын, жаңа ырғақтық-интонациялық сипаттардың орын алуын бүгінгі поэзиядағы мазмұндық-идеялық, тақырыптық ерекшеліктердің ықпалымен түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ лирикасында интимдік сырлардың бірінші кезекке шығуын, сонымен қатар субъективті көңіл-күй мен ой-сезімнің поэзия тілінде тереңдікке, нәзіктікке жетіп, жалпылық, объективті мәнге ие болуын қазақ өлеңіндегі бүгінгі түбегейлі мазмұндық-сапалық жаңару тенденциясына жатқызуға болады.

Бұл жөнінде В.Брюсов: «Поэзиядағы өзгеріс – үнемі, тынбай жаңа түр іздеу, адамның ойын, сезімін дәл, терең, әсем бейнелейтін құралдар табу» - дейді де, сол өзгерісті тудырушы құралдар «...тіл, үн, бейне. Ақын соларды жақсы білуге, сезуге, орынды және жарасты қиыстыруға тиісті. Әдебиетке келген әрбір жаңа ақын оған өзімен бірге жаңа сөз, жаңа ырғақ, жаңа бейне ала келеді. Сонымен бірге бұрынғыны өңдейді, ұстартады, ілгерілетеді, дамытады» - деп ғылыми тұжырым жасайды.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөз

талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара білуін қадап айтуға міндеттіміз. Мұндай жаңалықтар әдебиеттің қай дәуірінде де болған, алайда өлең өрісіндегі ізденістер бір-біріне ұқсамайды. Қазіргі жастар поэзиясының постмодерндік сипатта дамып, өрістеуіне біршама жылдар, ізденістер қажет болды. Қазіргі жастар поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуінеаға ақындар Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімов, С.Томанов, Г.Салықбай, Н.Мәукенұлы, А.Ыбыраев, Ә.Ботпанов, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы үлкен әсер етті.

Қазіргі қазақ поэзиясында ізденіп жүрген Ерлан Жүніс, Тоқтарәлі Таңжарық, Талапбек Тынысбекұлы, Ілияс Мұқаев, Мирас Асан сынды ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда көктемнің алмағайып күндеріндей сезім сәттерін, тәтті де сәтті шумақтарға ара-тұра жолығып қалатынымыз көңіл қуантады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының көркемдік деңгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес мол. Мысалы, Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. Қ. Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары.

Әңгіме жанрына тұрақты түрде араласып жүрген жазушының бірі – Асқар Алтай. Оның «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы», «Кентавр» әңгімелерінен мазмұндық, түрлік ізденістер байқалады. Ұлттық танымға ерекше мән беретін жазушының мифке құрылған «Кентавр» әңгімесіндегі Басарыс атты «айғыр

кісі» мен «Салбурындағы» тотемдік таным қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерге мысал бола алады.

Қазіргі роман жанрындағы күрделі шығармаларда халық тағдыры, тарихи кезеңдер шындығын бейнелеуде уақыт тынысы, жеке адамдардың, отбасылардың, әлеуметтік ортаның даралықтары мен өзара байланыстары айқындала түсті. Қазіргі қазақ романдары – қазақ сөз өнері мұраларының бұрынғы және кейінгі көркемдік дәстүрінің жалғасы, сонымен бірге әлем өркениетіндегі әдеби үдерісінің бір арнасы. Қазіргі қазақ романның еңсесін көтеруге І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Д.Досжановтың «Алаң», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», С.Елубайдың «Ақ боз үй», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» сынды жазушылардың қосар үлесі мол. Сондай-ақ Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. табиғат – адам – қоғам қарым-қатынастарын әлеуметтік-психологиялық сарынмен жазу ерекшеліктері ғылыми байыпталды.

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың XX ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Қазіргі кезде аға буын жазушыларымыздың ізін жалғастырушы Д. Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері», «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы тоты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері қамтылған.

Поэзия – ұлы әлем, тылсым күш. Мұңайғанның жүзіне күлкі сыйлатқан, бейқам көңілді тұңғыық ойға шомдырған, ғашық көңілдердің асық жүректерін бір арнаға тоғыстырған не құдірет?... Әрине, ол – поэзия. «Поэзияның асылы әдемілік, әсемдік. Онда оғаштық, кедір-бұдырлық, олпы-солпылық болмашы нәрсе деп есептелмейді, тіпті, кешірілмейді. Өйткені ол көркем шығарманың ажарын түсіреді. Кейде бір ғана жаман шумақ, бір ғана жабайы, қарапайым сөйлем, бір ғана мағынасыз сөз, бір ғана орынсыз қолданылған сөз бүкіл шығарманың және ең тамаша деген шығарманың құнын жойып жібереді», - дейді ұлы сыншы В.Г.Белинский. Бұл қағиданы біздің ақын-жазушыларымыз естерінде мықты ұстауға тиіс.

Абай ата көрсетіп кеткен ұлы жолдың үстімен жүріп, поэзия көгінің айқанат қырандарына айналған қаншама ақын-жазушыларымыз бар: М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин... бертін келе М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов... Осы аталған ақындардың жыр-жауһарларының куәсі ХХ ғасыр.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі тілге тиек, әңгімеге арқау болып отырған тәуелсіздік жылдарының әдебиеті несімен ерекшеленеді, сипаты, идеясы, бағыты мен тұжырымдамасы бар ма деген сауалдар басын ашып алу керек шығар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар, қолына қалам ұстағандарды да айналып өтпегені белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары әдебиетке келген буын өкілдері не жазып, не тындырып жүр деген сияқты сұрақтар өздігінен туындайды. Бұл тұрғыдан қарасақ, қазіргі әдебиеттегі поэзия жанрының орны бөлек.

Тәуелсіздік кезіңіндегі қазақ прозасындағы ұлттық идеяның әлеуметтік талдау пайымымен көркем бейнеленуі жан-жақты сөз болған. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазбақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази, Ә.Асқар сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы бүгінгі күннің шындығы.

Қ.Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы күйеудегі» (инженер) Баймырзаның өз бала-шағасын тастап, басқа бір бай әйелге (Айсұлу) кетіп қалуы өмірден алынған шындық. Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған Т.Нұрмағамбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер азаматтардың бәрі жұмыссыз қалған тұста бала-шағаны асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты арқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмағамбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың қайғылы халі көркем бейнеленген.

Қазақ әдебиеті дамуының желісінде әдеби тек жанрларының жаппай дамуы ХХ ғасырда өрістеді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби тек (эпос, лирика, драма) жанрлары әлем әдебиетінің классикалық деңгейіндегі

туындылар болып саналады. Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуында ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығында бұрын кең түрде қамтылмаған ақтандақ беттерін толық қамтып жазу үрдісі кеңінен өрістеуде. Сонымен бірге, көркем шығарманың мазмұны мен пішінде бұрынғыдай саяси-идеологиялық қатаң бақылауға, шектеуге жалтақтап жазудан да арылған хал-ахуал қалыптаса бастады.

Әдебиеттану ғылымының зерттеулеріне тақырып нысаны болып келе жатқан роман жанрындағы шығармалар сөз өнері үдерісіндегі өзектілігімен ерекшеленеді. Роман – адам тағдырын кең тынысты көркем шындықпен суреттейтін эпикалық туынды. Қазіргі қазақ романы әлем әдебиеті дамуы үдерісіндегі классикалық үлгілермен сабақтаса, үндесе дамуы жолында жанрлық сипатын жетілдіру бағытын үздіксіз жалғастыруда. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының классикалық түрлері (тұрмыстық-әлеуметтік роман, деректі роман, мемуарлық роман, тарихи роман, философиялық роман, публицистикалық роман, детективті роман, психологиялық роман, т.б.) де әдеби үдерістегі эстетикалық тағылымымен танылуда. Бұл орайда қазіргі қазақ әдебиетіне қосылып жатқан жаңа романдардың романтизм мен реализм көркемдік әдістерімен жазылу ұстанымдарының айқын екендігін айта аламыз. Қазіргі қазақ прозасының романдары – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармалық еңбек нәтижелері. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын жазушылар ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл орайда, І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы (роман-хамса)», С.Елубайдың «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. романдарын ерекше айтуға болады.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар

1. Қазіргі қазақ поэзиясының өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Жаңа басқыштағы қандай поэзиялық туындыларды білесіз?
3. Тәуелсіздік жылдардағы ақындар шығармашылығының қандай өзіндік ерекшелігі бар?
4. Роман дегеніміз не?
5. Қазіргі қазақ әңгіме жанрының тақырыбы мен идеясы?
6. Қазіргі қазақ романдарының өзіне тән ерекшеліктері?

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. А.Бектаев, Т. Турткулбаева Қазіргі әдеби процесс: «ТДПУ», 2013 ж.
2. І.Омаров. «Әдеби толғамдар» Алматы, 1996 ж.
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.
4. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А.: 1997.

Практикалық жаттығулардың мазмұны

Тапсырмалар:

1-тақырып: Тілдің тарихи дамуы. Тілдің тарихы мен қоғам тарихының байланыстылығы. (2-сағат)

Тіл қандай құбылыс? Тілдердің өзара әсері қандай жолдармен жүзеге асады? Субстрат, суперстрат, интерстрат, адстрат құбылыстарына мысал келтіріңіз? Тілдердің қарым-қатынасы және өзара әсері жайлы мағлұмат топтаңыз? Тілдердің қатар өмір сүруіне мысалдар келтіріңіз.

2-тақырып.Лексикология. Лексикологияның салалары мен түрлері. (2-сағат)

Лексикология және оның өзіндік белгілері жайлы сипаттама беріңіз? Лексикологияның салалары мен түрлері. Қазақ лексикологиясының зерттелуі жайлы.

3-тақырып. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері.

Әдебиеттанудың өзекті мәселелері және оның заманауи концепциясы. Әдебиеттану материалдарынегізіндеәдебиет, оның ғылымдағы жаңалану процесін талқылау.

4-мавзу. XIX-XX ғасыр қазақ әдебиеті шығармалырын талдау.

XIX-XX ғасыр қазақ әдебиетінде поэтик шығармаларды талдап үйрену. А.Құнанбаев – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. А.Құнанбаев шығармаларын талдау. Поэмаларының өзіндік ерекшеліктері. Образ және символ жарату көркем өнер және бейнелеу құралдырының орны.

5-тақырып. Қазақ халық ауыз әдебиеті.

Халық ауыз әдебиеті туралы. Халық ауыз әдебиеті спецификалықерекшеліктері. Халық ауыз әдебиетінде ұлттық ерекшеліктері, жанр ерекшеліктері және тұрмыс-салт жырлары, аңыз-әңгімелер, ертегілер.

Батырлар жыры. Ғашықтық жырлар. Түркі тектес халықтардың ауыз әдебиеті.

6-тақырып. Қазіргі қазақ поэзиясы мен прозасының даму жолдары.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келуі. Өлеңнің түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды аңғара алу.

Қазіргі қазақ прозасындағы адам, руханият мәселелеріне болған көзқарас принциптері. Жаңа бағыттағы әдеби-эстетикалық көзқарастың пайда болуының факторлары. Әлем әдебиеті тенденциялары әсеріне көзқарас. Модернизм және постмодернизмнің әдебиетімізге кіріп келуі. Дәстүрлі және жаңалыққа ғылыми-теориялық көзқарастардың көрініс табуы.